

ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ



Handwritten signature or name below the portrait.

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті Газет 1937 жылдан бастап шығады Бейсенбі, 17 қыркүйек 2015 жыл №38 (10 554)

Еліміз қыркүйек айының 24-нен бастап Құрбан айт мерекесін атап өтеді

Құрбан айттарыңыз қабыл болсын, жәмиғат!

20 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдерінің күні

ҚҰРМЕТТІ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫ

Қыркүйектің үшінші жексенбісінде еліміз тамаша мейрам - Қазақстан халқының тілдері күнін атап өтеді. Бұл мереке біздің елімізде тұратын барлық этностар үшін бірігу, жасампаздықтың, достықтың шынайы рәмізіне айналды.

Тіл - адам қарым-қатынасының маңызды құралы, ана сүтімен бірге еніп, атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес құрал. Тілдер күні - еліміздің барлық азаматтарының достығы, ағайындығы мен бірлігінің нышаны. Халықтар достығы, өзара түсіністік пен ынтымақтастық - Қазақстан өркендеуінің басты кепілі. Тілге деген құрмет - елге деген құрмет. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым.

Елбасы - Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясаты арқасында қоғамда саяси тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім кіршіксіз сақталып, одан өрі нығая түсуде. Осының бәрі біздің Отанымызда, барлық қоғамда келісті келешек бар екендігіне сенімділік пен қазақстандық патриотизмнің негізін қапысыз қалайды.

Жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тұрып жатқан елімізде барлық тілдердің қолданылуы мен дамуына бірдей жағдай жасалған. Тілге деген шынайы құрмет, әркімнің өз ана тілінде білім алуына жағдай туғызу, ұлттық мәдениетті дамыту - аса маңызды мемлекеттік стратегия. Оның құқықтық негіздері ел Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңда лайықты орын алған. Соның нәтижесінде еліміз саяси тұрақты, экономикасы қуатты, мәдениеті дамыған елдер қатарына еніп отыр. Болашақта да еліміздің алар асулары, бағындырар биіктері мол боларына сенімдіміз.

Қадірлі жерлестер!
Баршаңызды Қазақстан халқының тілдері күнімен құттықтаймыз! Сіздерге және отбасыларыңызға мықты денсаулық, бақыт және әлеуетті тұрмыс тілейміз!

Р.ӘБДІКЕРОВ,
аудан әкімі.

Ә.СМАҒҰЛҰЛЫ,
мәслихат хатшысы.



“ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ” ОРЫНДЫ АТАУ

Қазақстанды «Ұлы Дала елі» деу халықтық атау болуы керек, деді «Қазақстан» телеарнасына сұхбат берген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

«Ұлы Дала» ұғымы - баяғыдан бар ұғым. Дешті Қыпшақ деген сөз қыпшақтың даласы деген сөз. Ұлы Дала ұғымына мынау Алтайдан Қара теңізге дейінгі даланы атайтын болған. Оның негізгі аумағы - біздің қазақтың жері. Біздің даламызда кен де болған, темір де болған, қолөнер де болған, бәрі болған», - деп атап өтті.

Елбасы мұндай ұғымның көптеген елдерде бар екендігін атады. Жапондар күншығыс еліміз, қытайлықтар аспан асты еліміз, көрістер таңғы шық еліміз деп санайтындығын мысалға келтірді. Бізде де сондай ұғыммен теңестіретін болсақ, бізге «Ұлы Дала еліміз» деп айтқан келеді. «Ұлы Дала» мен «Көк аспан» деп те айтуға болар еді. Кең дала - біздің жеріміз. Осы жерде біз тұрып жатырмыз, өсіп жатырмыз, өркендеп жатырмыз, ұрпақ өсіріп жатырмыз. Осы жерде мемлекетімізді құрып, оны ша-

нырағын биік қылып, көк тудың астына жиналып жатырмыз. Біздің байрағымыздың өзінде көк аспан, жарқыраған күн бей-

лықтық атау болуы керек», - деді Елбасы.

Елбасы жұртқа ой тастап, халықпен ой бөлісіп, елдігімізді танытатын, өткенімізді білдіретін орынды ұсыныстар айтып келеді. Кешегі жауынгер-көшпенділер Ұлы даланың иелері - біздің бабаларымыз адамзат мәдениетіне қосқан үлесі орасан. Міне, сондықтан Ұлы дала елі деген атау өте орынды деп санаймыз.



Биыл осы Ұлы Дала ұрпақтарының рухын көтеріп, бабалар жолын танып-білуге арналған басты шара - ол Қазақ хандығының 550 жылдығы екені белгілі. Астанадан бастау алған үлкен мәдени іс-шара арғы-бергі кезеңдерді, елі мен жерін қорғаған хас батырларды, ақылды би, алымды азаматтарды бейнелеген көріністер - ұлттымыздың қадір-қасиетін төрткүл дүниеге паш етті. Отаны-

мыздың өткен тарихына құрметпен қарайтын халық екенімізді көрсетті.

Ұлы дала елінде жарқын болашақты құру жолындағы біздің бірлігіміз нығайып, өміріміз де берекелі бола берсін.

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

Облыс әкімінің ауданымызға жұмыс сапары

ОТБАСЫЛАР ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ



Осы аптада облыс әкімі Н.Әбдібеков кезекті жұмыс сапарымен ауданымыздың Ақадыр кентінде болып, көктемгі су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарға салынған баспаналарды аралап көрді. Апат айтып келмейді, кенттегі үйін су шайып, баспанасыз қалған тұрғындардың бірі батыр ана Жалғабекова Мәрия Байтұрсынқызының көл-көсір қуанышын жасыра алмады. Қиындықта қол ұшын созған, басшыларға, ел азаматтарына алғысын айтып, аналық ақ батасын беріп жатты. Бұдан кейін облыс басшысы тағы да бір су

тасқынынан зардап шеккен Қыздарбеков көшесіндегі 7-ші үйдің тұрғындарына, яғни 8 отбасына арналып салынып, бой көтерген екі қабатты үйге қоныстанған ағайынның қуанышымен бөлісті. Бастарына іс түскенде, жалғыз қалдырмаған, дер кезінде көмек берген облыс басшылығына, аудан әкімдігіне баспаналы болған тұрғындардың алғысы шексіз. Баспаналы болып, қоныс тойын тойлап жатқан жанұялар қоныс құтты болсын айтысып жатты.

А.МҰҚЫШ,
Ақадыр кенті.

Алтын орақ-2015

ЕҢБЕК ӨНІМДІ, БЫРЫС ТОЛЫМДЫ

Міне, диқангер қауым үшін қарбалас кезең туды. Осы тұс диқанның ала жаздай маңдай термен өсірілген ризықтың жиналар шағы. Төккен тер мен

сіндірген еңбектің еселеніп қайтар шағы. Аудан диқандары да орақ науқанының алғашқы күндерінен бастап, бел шеше кірісіп, кеңдаланы еңбек дүбіріне бөлеп кеткен. «Шерубай-су» диқандары дөңді дақыл егістігін оруды аудан бойынша алғашқылардың бірі болып бастаған болатын. Жалпы серіктестік бойынша өткен жылға қарағанда бидай дақылының көлемін азайтып, есесіне сұлы алқабы егістігін 600 гектарға жеткізген. Сондай-ақ, 596 гектар алқапқа көпжылдық шөп тұқымы себілген болатын. Мұнан шерубайсулықтардың мал азығындық дақыл егістігі алқабын ұлғайтуға бет бұрғаны анық байқалады. Ең бастысы осынау дақылдардың бәрі суармалы алқапта өсірілетіндігі. Сулы жер қашанда нұлы жер. Демек өнім де тұрақты болмақ.

Негізгі себілгені Карагандинская-22 тұқымы өнімділігімен жоғары тұқым, гектарына бидайдан 13 центнерден ай-

налды. Сұлыдан «Элита-47» сортын септік бірінші репродукциялы тұқым, түсімі де көңілдегідей, деп агроном Бакус Арвид егіннің шығымдылығының



жоғары болғанын жеткізіп жатыр. Жалпы серіктестік диқандары жылда жоғары көрсеткішке қол жеткізіп келе жатқаны жасырын емес.

Жалғасы 2-ші бетте.

Лебіз

ҰРПАҚ ҮШІН ИГІ ІС

Тарихын тағы бір түгендеуге арналған Ұлы даланың ұрпағы - қазақ халқының бүгінде Қазақ хандығының 550 жылдығын атап өтуі - мәні зор шара. Рас, қазақ қазақ болғалы не көрмеді? Талай тағдыр талайынан, қанды қасаптан пәни құстай қайта түлеп, небір қырғыннан аман қалған ұлтымыздың ерен ерлігін ұрпақ жадында жаңғырту үшін атқарылып отырған игі іс екенін баршамыз жақсы білеміз.

Кеше Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ хандығының 550» жылдығына арналған жиынды салтанатты ашу кезінде сөйлеген сөзінде де атап айтты. Біз барша қазақстандықтар, тарихымызға тәу еткізер Мемлекет басшысының салтанаттағы сөзіне айрандай ұйыдық. Жас буын бұл бас қосудан сабақ, бұл салтанаттан үлгі алуы тиіс. Мемлекет басшысы «Бүгінгі той, ең алдымен, батыр бабаларымыздың биік рухына тағзым ету және тағдырдың сан алуан қиындықтарынан сүрінбей өткен ата тарихынан тағылым алу үшін өткізіліп отыр», - деген еді өз сөзінде.

Елбасының кемеңгерлік саясатының арқасында жоғары табылып, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тіріліп жұртпыз. Бір кездері бұрмаланған тұма тарихтың ақтаңдақ беттері ашылды.

Өкен ЖУАСБАЕВ,
еңбек ардагері.

● **Аудан әкімігіңге****АГРОКЕШЕННІҢ БАРЛЫҚ БУЫНЫ ДАМУЫ ТИІС**

Жуырда облыс әкімінің орынбасары Ш.Мамалинов ауданымызда болып ауыл, кент әкімдерінің қатысуымен агроөнеркәсіп саласын дамытуға қатысты мәжіліс өткізді. Мәжіліске облыстық ауылшаруашылық басқармасының

Мұнан соң Ш.Қалиұлы агроөнеркәсіп кешенінің 3 жылға арналған тұжырымдамасын жүзеге асыру «Сыбаға», «Құлған», «Алтын асық» бағдарламалары, салалық жалпы өнім көлемі, мал азығын дайындау барысы, инвестициялық жоба жайында округ әкімдері-



шысы Б.Асанов, басқа да сала мамандары қатысып отырды.

Мәжілісте облыс әкімінің орынбасары Шағурашид Қалиұлы облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдікөвтің тікелей тапсыруымен аудан әкімі Рысқали Әбдікөвке «Қазақстан Республикасы Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалін салтанатты жағдайда табыс етті.

Мұнан соң облыс әкімінің орынбасары бүгінде егін орағының жүріп жатқанын, мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын қолдау шаралары жүзеге асырылуда екендігін, субсидиялаудың жүргізіліп жатқанын атап өтті. Алда тұрған міндеттердің ауқымды екендігін баса айтып, бұл жайында жергілікті жерде өтетін жиындарда кеңінен айтылуы тиістігін атады.

мен жеке-жеке әңгімелесті. Жиын барысында бүгінде мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамытуға зор көңіл бөліп отырғанын баса айта келіп, бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажеттілігін айтты.

Ауыл шаруашылығының тиімділігіне қол жеткізу, алдағы кезеңдегі міндеттер атап көрсетілген жиыннан соң облыс әкімінің орынбасары «Ақжол», «Ақ береке», «Мұхтар» шаруа қожалықтарының егістік алқабын аралап, жиын-терін науқанының барысымен танысты.

Өз тілшімізден.

● **Құрмет****АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ АРДАГЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ**

«Құрмет» орденінің иегері, Шет ауданының Құрметті азаматы Боранбай Исатайұлы Жұминнің есімі облыс жұртшылығына таныс. Ауыл шаруашылығы саласында өмір бойы жемісті еңбек еткен ардагер жақында 75 жасқа толды. Агрөсектор

мәслихатының құттықтау хатын табыс етіп, иығына шапан жапты. Сондай-ақ, Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы саласының үздігі» тас белгісін облыс әкімінің орынбасары Ш.Мамалинов табыс етті.

Қоғам қайраткері Қ.Медиев өзінің және ҚР Ұлттық Академиясының академигі, профессор, химия ғылымының докторы С.Әдекеновтың атынан құттықтауларын арнап, сый-сияпат көрсетті. Осындай тарту-таралғыны облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Б.Асанов және қаржылық ұйымдардың басшылары да жасады.

Кезінде алдынан тәлім-тәрбие алған, көмегін көрген бір топ кәсіпкерлер М.Жадаев, А.Бидайбеков, С.Базарбеков, Е.Тоқтарбековтер Боранбай ағаларына өздері шығарған арнауларын оқып, ат мінгізді. Ауыл ақсақалдары атынан сөз алған А.Рашитов өзінің арнау өлеңін оқыса, кезінде бірге істеген әріптестері М.Сатыбалдин, А.Түсіпхановтар жүрек жарды тілектерін білдірді.

Өз тілшімізден.

● **Аудан әкімінің сапарлары****ҚҰРЫЛЫСТАРДЫ АРАЛАДЫ**

Өткен жұмада аудан әкімі Р.Әбдікөров Красная Поляна ауыл округінде болып осы елді мекенде істеліп жатқан жұмыстардың барысымен танысты. Округ орталығында дәрігерлік амбулаторияның құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Жалпы құны 118 млн. теңге ғимараттың іске қосылуы келесі жылға белгіленген. Биыл үйдің ескі терезесі қойылмақ, жылу жүйесі мен қазандық, тағы басқа қосалқы мекен-жайларын бітірмек. Құрылысты жүргізуші «R.I.C.H энд S» ЖШС-нің істеріне құптау жасап, директоры Ж.Жаңгірөвке аудан басшысы ауылға негізгі жұмысынан тыс көрсетіп жатқан көмектері мен демеушілігі үшін алғыс айтты.

Қарамұрын стансасындағы бастауыш мектепте 24 оқушы бар, оларға 4 мұғалім сабақ береді. Жоғарғы сынып оқушылары Красная Полянадағы орта мектепке автобуспен қатынап оқиды. Мектеп үйінің екінші басы бюджетке қайтарылып, онда 12 балдырғанға арналған шағын орталық жасақталуда. Бұрын пешпен отырған мектепке сырттан жылу кіргізілмекші. «Көп күндік» деп аталатын шағын қазандық орнатылмақшы. Осы жұмыстарды атқарушы «Ходжейли» ЖШС-нің директоры Қартбаев Мақсат құрылысты үстіміздегі айда аяқтайтынын айтты.

Красная Поляна мен Қарамұрын стансасының арасындағы өбден тозған асфальт жолдың бір шақырымын қайта істеп жатқан «Анис» ЖШС-і уақытпен санаспай күздің әрбір ашық күнін пайдаланып, бір аптада оны бітіретінін жеткізді. Сонымен қатар ауылға көмек ретінде тағы 100 метр жолдың асфальтын жаңалап, 2 шақырым грейдерге орташа ремонт жасап, көктемде су шайған 50 метр жерді жауып беруге уәде етті. Серіктестік директоры Агабекян Аветке аудан әкімі ризашылығын білдіріп, жұмысына сәттілік тіледі.

Іс сапар Көктіңкөлі стансасында жалғасты. Мұнда «Стройтех АСД» ЖШС-і су тасқынынан зардап шеккен отбасына арналған бір пәтерлі үйдің құрылысын тым созып жіберген. Серіктестік директоры Тасанов Самат қаржылаудың кешіккенін және жетімсіздігін, құрылыс жобасының өзгеріп кеткенін сылтауратты. Аудан әкімінің шақыртуымен келген Қарағанды темір жол торабының басшысы Қосыбаев Назыр үйді тезірек бітіру үшін материалмен және жұмысшылармен көмектесетінін айтты. Үйде мүгедек адамның отбасы тұратыны ескеріліп, жылу жүйесін электр қуатына қосу керек деп шешілді. Құрылысты аяқтауға 10 күн мерзім берілді.

Ақадыр кентіне түнделетіп жеткен аудан әкімі судан зардап шеккендер үшін салынып жатқан 8 пәтерлі екі қабатты үйге атбасын тіреді. Мұнда жұмыс күндіз-түні ұйымдастырылған, көмекке теміржолшылар келген, техникаларын бөлген.

Аудан әкімінің орынбасары Б.Төлеуқұлов басқарған штаб барлық күштер мен жұмыстарды үйлестіріп, құрылыс қарқынын жеделдетуде. Ғимараттың құрылысын бір аптада аяқтау міндеті қойылды.

Аудан әкімінің баспасөз хатшысы.

● **Ағам және Заң****ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ**

Өткен аптада Ақадыр кентінде, аудан әкімі Р.Әбдікөровтің қатысуымен алқалы жиын болып, онда «Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу барысы туралы», «Шет ауданы бойынша мал ұрлығының алдын алу» және басқа да орын алған қылмыстарға талдау жасалды. Сонымен қатар жалдамалы тұрғын үй беру барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс шаралар туралы мәселелер қаралды. Жиынға Шет ауданы прокурорының орынбасары Д.Құлжанбеков қатысып отырды.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары жайында аудан әкімінің орынбасары А.Әбділин баяндама жасап, атқарылған

ЖАҢА ТОЙХАНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Ақой ауылдық округі Павлодар-Қызылорда күре жолының бойында орналасқан. Мұнда қашанда жолаушылар легі толастамайды. Әсіресе, жаз айларында жиілей түскен. Күре жолдың бойы болғандықтан жол бойы бизнесін дамытуға барынша қолайлы. Жол бойында бұрыннан екі дәмхана жұмыс жасап келген болатын. Дей тұрғанмен жолаушыларға барынша қолайлы, жан-жақты қызмет көрсететін қазіргі заман талабына сай келетін бір қызмет көрсететін ғимараттың қажет екені айқын сезіліп тұратын. Ондай мәселе айтылып та жүрді. Міне, заманауи талапқа толық сай келетін екі қабатты «Сәлем» дәмханасы салынып пайдалануға берілді. Бұл зәулім ғимаратты кәсіпкер Жылтырқөзов Әсен тұрғызып, көпшіліктің игілігіне ұсынды. Екі қабат етіп салынған ғимараттың 2-ші қабаты тойханаға лайықталған. Кең зал ішіне 200 адам еркін сыйып кетерлік. Астыңғы қабатта жүргіншілер кафедең тамақтанатын болады. Жаңадан ашылған қызмет көрсету орталығына «Сәлем» деген ат берілген. Ойластырылып қойылғаны бірден аңғарылады. Жүрекке жылылық ұялатады.

Тойхананың ашылуына ауыл тұрғындары жиналған. Қазақы дархан пейілмен кәсіпкер Әсеннің дос жарандары да құтты болсын айтып келіп жатыр. Екі жыл жүргізілген құрылыстың ашылу салтанаты да айта қаларлықтай жағдайда аталып өтті. Аудан әкімі Р.Әбдікөров құттықтау сөз сөйлеп, бүгінгі талапқа сай, халыққа қажетті екенін атап өтіп, кәсібін ұлғайта түсуіне тілектестігін білдірді. Ауылдық ақсақалдар алқасының мүшесі Серік Сафуанов ақсақал да жүректарды тілегін жеткізді. Мұнан соң Рысқали Қалиақбарұлы мен Серік ақсақал тойхананың ашылу рәсімін жасап,

лентасын қиды. Ауыл әжелері ақ жол тілеп, тәттіден шашу шашса, аудандық мәдени-сауық орталығының өншілері әуезді әуенді тәгілтіп, жиналған көпшілікке ән сыйлады. Ғимарат ішінде жүргіншілерге қызмет көрсетуге барынша жағдай жасалғаны көрініп-ақ тұр. Қона жататындарға екі нөмірлік қонақ үй, интернет кабинеті қоса жабдықталған. Ұялы байланыс пен қамтылмаған бұл аймақта интернет желісін пайдалануға өбден болады. Құрметті қонақтар мен жеке бөлмеде тапсырыспен отыруға да мүмкіндік туғызылған. Ішкі жабдықтардың бәрі үр жаңа, арнайы тапсырыспен алдырылған. Су арнайы бұрғыланған ұңғымадан алынады. Бір айтарлық бірінші қабаттың бір жақ бөлігінде автокөліктерге техникалық қызмет көрсету орталығы жұмыс істейді. Жеңіл автокөлікті көтеру құрылысы бар. Кәсіпкер Әсеннің жұртшылыққа қызмет көрсету орталығын орталығында 16 адам жұмыспен қамтылған. Бәрі де жұмысқа аудандық қызмет көрсету орталығы арқылы алынған. Келешекте қызмет көрсету түрін жетілдіре түспекпін. Жылыжай салып көкөніс түрлерімен өзімізді толық қамтамасыз ететін боламыз,-дейді кәсіпкер. Түрлі нан түрлерін пісіру, пицца дайындау жүзеге асырылмақ. Жалпы құны 80 млн. теңгеге жуық инвестиция енгізілген «Сәлем» тойхана орталығы бүгінде ауыл тұрғындарына, жүргіншілерге есігін айқара ашқан. Енді ақойлықтар өз қуаныштарын осында тойлайтын болады. Сондай-ақ, жақын маңдағы көрші ауылдар да қуаныштарын осында бөлісері даусыз.

Б.АҚПАНАЙҰЛЫ.



кәсіпорындарында және аудандық басшылық қызметтерде болған ол зейнетке шыққаннан кейін «Шет-көмек» кредиттік серіктестігінің директоры болып істеп келе жатыр. Еңбек ардагерін құттықтау үшін жуырда аудан әкімдігінде ауыл ақсақалдары, әріптестері және сыйлы қонақтар жиналды. Жиынды аудан әкімі Р.Әбдікөров ашып, мерейтой иесіне аудан әкімдігі мен

мен жеке-жеке әңгімелесті. Жиын барысында бүгінде мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамытуға зор көңіл бөліп отырғанын баса айта келіп, бәсекеге қабілеттілікті арттыру қажеттілігін айтты.

Өз тілшімізден.

● **Алтын орақ-2015****ЕҢБЕК ӨНІМДІ, ЫРЫС ТОЛЫМДЫ**

Соңы. Басы 1-ші бетте.

Агротехника талаптары толық сақталып, ауыспалы егістікке мөн берілген жерде өнім тұрақтылығына қол жеткізуге болатындығын дәлелдеуді қажет етпейтін дүние. Сұлпының түсімі гектарына 13 центнерден келуде. Енді бірер күнде масақты дақылдарды оруды толығымен аяқтаймыз. Түпкі нәтижені сонда айтатын боламыз,-деп Арвид Бронасович бізді қартоп дақыл жиналып жатқан алқапқа бастап жүрді. Алқапта қартоп жинаушы комбайндардың қарасы бірқыдыру көрінді. Аудан әкімі Рысқали Әбдікөровтің қартоптың биылғы түсімі қалай, өткен жылғы көрсеткішке

жеттіңдер ме?-деген сауалына биыл 871 гектар алқаптың өнімін жинамақшымыз. Қазір түсім жоғары, кей алқаптан гектарына 350 центнерден өнім алып жатқанын атап өтті.

Алқапта тіркеме тіркеген тракторлар мен жүк автокөліктердің кезегін тосып тұрғаны байқалады.

Қазір қатар аралықпен қартоп жинап жүрген комбайндарды тосып тұр. Солардың жинаған өнімдерін қабылдап қоймаға тасымалдайды, - деп округ әкімі Нұрсұлтан Төкішев әңгімеге араласты.

Қазіргі алқапта 10 комбайн қартоп жинауға атсалысуда, 8 трактор тіркемесі-

мен жүр, сондай-ақ, 15 автокөлік қатысуда-деп агроном науқанның бүгінгі тынысына хабар беріп жатыр. Ауа-райы кедергі келтірмесе көп ұзатпай жинап алуға мүмкіншілігіміз бар,-дейді агроном. Науқанға қатысушы механизаторлардың да тілегі бір арнаға тоғысқан. Олардың бір ғана тілеуі аспаннан иіп, жерден берген молшылыққа ауа райының кедергі келтірмеуі. Былтырғы жылдың жауын-шашын күндері өлі ұмытыла қоймаған жоқ.

Серіктестік диқандары биыл 40 гектар алқапқа сәбіз отырғызып болатын. Соның шығымдылығына көз жеткізбек болып сәбіз алқабының шетіне тоқтандық. Ұзына алқапта сәбіздің өскендері желмен ырғала бұйраланады. Биыл бірінші рет өсіріп отырған дақыл-

дың шығымдылығын көзбен көруге асығуымыз.



- Қазір өздеріңізге алып көрсетейін,-деп агроном Арвид 3-4 түбін жұлып көрсетті. Барынша жетілген өнімді осы күйің өзінде тұтынушыларға жіберсе берсе болғандай. Суыққа төзімді дақылдың қазан айына дейін толысып жата беруі қажет екен. Гектарына кемінде 350 центнерден айналатыны анық. Демек жасалған шығын толығымен ақталады.

Бүгінде серіктестікте жиналған дақылдарды қоймаға жеткізіп, іріктеп, сақтау жұмыстары өрістеуде. Жылдағы қалыптасқан дәстүр бойынша науқандық жұмысқа жалдамалы жұмысшылар тартылып, жұмыс қарқыны қыза түскен. Еңбек өнімді, ырыс толымды болсын деген игі тілекпен аттандық.

Б.ТОЙШЫБЕК.



ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ АСПАНЫНДА ТАҒЫ БІР МӘРТЕ КҮЙ ҚАЛЫҚТАМАҚ

Ауданымызда Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойлары аясында танымал күйшілер арасында «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалі ауданымызда өткізілгелі отыр.

Қай халыққа болса да сол ұлтпен, халықпен біте қайнасып, бірге жасасып келе жатқан киелі мұралары бар. Қазақ халқы үшін сондай құнды, бағалы мұралардың бірі - күй.

Арқадағы шертпе күй өнерін аса биікке көтерген, шертпе күйдің бір мектебін қалыптастырған Қыздарбек күйші, оның шәкірттері Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек, Мақаш, Әбікен, Бегімсал, Дәулетбек, Оралдан қалған күйлерге бүгінде барша қазақ жұрты тамсанады десек, артық айтпағанымыз. Кейінгі жылдары үлкен сахнада өнер көрсетіп, шертпе күйді дәріптеп жүрген белгілі күйшілер Зәрубай Сүйіндікұлы мен Қайролла Дәулетбекұлы ағаларымызды атап өтуге болады.

Осы орайда біз күйші Зәрубай Сүйіндікұлынан қысқаша сұхбат алған едік.

- Жалпы фестиваль жайына тоқталып өтсеңіз.

- Биыл Арқа күй өнері шертпе күйдің негізін қалаушылардың бірі, күйші ком-

позитор Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 200 жыл толып отыр. Шет ауданын шертпе күйдің отаны деп жатады. Біздің аудан киелі күйдің кілтін тапқан, дүлдүл домбырашыларға, өнер иелеріне де кенде болмаған, атақты күйшілер ауданымыздан шыққан. Сондықтан да бұл орынды айтылған пікір. Осы орайда аудан әкімі Рысқали Қалимақұлы Әбдікерем облыстық деңгейде күйден байқау өткізу жөнінде бастама көтерген болатын. «Күй керуені» сияқты алыс-жақын жерлердегі күйшілердің басын қосатын бұл байқауға облыстың әр ауданынан барлығы 15 күйші қатысады. Сондай-ақ, Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрінің «Күймен тербелген Ақсу-Аюлы» атты гала концерті болмақ.

Сондай-ақ, күй фестиваліне қатысушылар екі күйден орындайды. Орындалатын екі күйдің бірі Қыздарбек, Әбди,

Сембек, Әбікен, Ақмолда, Кәрібек, Мақаш, Дәулетбек сынды күйшілердің шығармаларынан болса, екіншісі міндетті түрде Тәттімбет күйлері орындалуы шарт.

- Өңгіменізге рахмет. Иә, Шет өңірі Қыздарбек бастаған қадау-қадау тұлғалы күйшілердің туған жері, Отаны. Алматыдан бастау алып, Астанадан кейін бәсірелі байрағын көтерген «Күй-керуен» байқауының жалғасы Шет топырағында өтуі - соның тағы бір дәлелі. 2008 жылы өткен шертпе күйді дәріптеген Әбікен атындағы «Күй-керуен» байқауы сөз жоқ өте құнды байқау болды. Әбікендей күйшіні артындағы елі дәріптеді. Мұның өзі ауданымыздың абыройын асқақтатқан игілікті іс болды. Осындай игі бастама міне, жалғасын тауып аудан орталығы Ақсу-Аюлыда Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойлары аясында «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалі өткізілмек. Бұл да сөз жоқ ауданымыздың абыройын тағы бір асқақтататын игілікті іс болмақшы.

«Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалі ауданымызда дүрілдеп өтпекші, әрі талайды тамсандырар өнер байқауы болмақ. Мыңжылдықтар қойнауынан ғасырлар көшіне ілескен қазақтың қара домбырасынан төгілген сазды әуендер, мұнды күйлер Ұлы дала елінің аспанында тағы бір мәрте қалықтамақ.

Құлағыңыз түрік жүрсін, өнер сүйер қауым!

М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.

Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойы аясында өтетін «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалінің ЕРЕЖЕСІ

2015 жылдың 18 қыркүйегінде Шет ауданының орталығы Ақсу-Аюлы ауылында Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойы аясында «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалі (әрі қарай фестиваль) өтеді. Фестивальге домбырада ойнайтын орындаушылар қатыса алады.

Фестиваль екі кезеңнен тұрады. Шығармалар жатқа орындалады. Бірінші кезеңде фестивальге қатысушылар Қыздарбек, Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек, Мақаш және Дәулетбек сынды күйшілердің шығармаларын орындайды, екінші кезеңде Тәттімбет шығармасы орындалады.

Фестивальге облыстың әр ауданынан 2 күйші қатыстырылады.

Фестивальге қатысушылардың жол шығындары жіберуші тарапынан өтеледі. Фестивальдің бағдарламасы қосымшада беріледі.

Фестивальге қатысушылардан талап етілетін құжаттар:

- Жеке куәлігінің көшірмесі;
- Конкурсқа ұсынған мекеменің жолдамасы;
- Музыкалық білімі туралы анықтама;
- Шығармашылық өмірбаян;
- Концертмейстердің аты-жөні, жұмыс істейтін орны, орындайтын шығармасы көрсетілген анкета;
- 13x18 түрлі-түсті фото - 1 дана;
- Сұраныста қатысушының байланыс телефондары көрсетілуі тиіс.

Күй фестиваліне қатысушыларды анықтау мақсатында құжаттар Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би көшесі, 39 үй мекен-жайындағы Шет аудандық мәдени-сауық орталығында қабылданады.

Байланыс телефондары: 8 (71031) 2-10-02, 2-21-62, 2-22-36; 2-18-80;

Жоғарыда аталған құжаттарды kuuy.festival@mail.ru электронды поштасына немесе 8/71031/2-18-80 факс нөміріне жолдаңыздар.

Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойы аясында өтетін «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалінің БАҒДАРЛАМАСЫ (18 қыркүйек 2015 жыл, Шет ауданы)

	Ақсу Аюлы орталығында фестивальге қатысушылар мен құрметті қонақтарды күтіп алу, орналас-тыру
09.00-10.00	Таңертеңгі ас
10.30-11.00	Қонақтарды фестиваль өтетін орынға апару (Мәдениет үйі) Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200-жылдық мерейтойына арналған «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» күй фестивалінің ашылу салтанаты
11.00-13.00	- «Өнердің тірегі де, жүрегі де - Рух» театрландырылған көрініс (7 минут) - Шет ауданының әкімі Р.Қ.Әбдікеремнің фести-вальді ресми ашуы (3 минут) - Фестивальге қатысушылардың «Арқаның асқақ әуен, салқын сазы» концерттік бағдарламасы (1 сағат 40 минут)
13.00-14.30	Түскі ас
15.00-16.30	Тәттімбет атындағы қазақ халық аспаптары Ака-демиялық оркестрінің «Күймен тербелген Ақсу Аюлы» атты Гала концерті
16.30- 16.50	Фестивальдің салтанатты жабылу рәсімі Қазақ хандығының 550 жылдығы және Тәттімбет Қазанғапұлының 200 жылдық мерейтойы аясында өтетін «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалінің қатысушыларына аудан әкімінің Алғыс хаттары мен сый-кәделер тапсыру рәсімі
17.00-18.30	Шет Ауданы әкімінің Салтанатты кешкілік асы («Ақсу-Аюлы» рестораны)
18.30-19.00	Фестивальге қатысушылар мен қонақтардың қай-туы.

«Құқық бұзушылық пен тәртіпсіздікке мүлдем төзімділік» акциясы өткізілуде

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында көрсетілген «мүлдем төзбеушілік» тапсырмасы бойынша қоғамдық орында ұсақ бұзақылықтың алдын алу мақсатында ҚР ӘҚБтК 408, 434, 440, 441, 442 625, 437, 505 бабтарының талаптарын бұзған азаматтарды жауапкершілікке тарту туралы болып көрсетілген. Осыған орай Қарағанды облысының ІІД Шығыс №5-1-4/17420 04.09.2015 жылы жолдаған нұсқауы бойынша жедел жағдайды сауықтыру, көшелер мен қоғамдық орындарда құқықбұзушылықтың алдын алу, ескерту, жолын кесу, тиісті құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында аудан аумағында 2015 жылдың қыркүйек айының 14-16 күндері аралығында «Құқық бұзушылық пен тәртіпсіздікке мүлдем төзімділік» атты акциясы өткізілуде.

Е.ЕРКЕБАЕВ,
Шет ауданының ішкі істер бөлімі әкімшілік полициясы бөлімшесі бастығының орынбасары, полиция майоры.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 2013 ЖЫЛҒЫ 24 СӘУІРДЕГІ №555 ЖАРЛЫҒЫМЕН БЕКІТІЛГЕН «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУДАНЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАЛАРЫ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ ҚҰРАМЫНА КІРМЕЙТІН КЕНТТЕРІ МЕН АУЫЛДАРЫ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫН ӨТКІЗУДІҢ КЕЙІРІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС 2015 ЖЫЛДЫҢ 30 ҚЫРКҮЙЕГІНЕ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕН БОСАТУ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС ШЫҒЫП ҚАЛҒАН АҚСУ-АЮЛЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ МЕН АҚШАТАУ, МОЙЫНТЫ КЕНТТЕРІ ӘКІМДЕРІНІҢ САЙЛАУЫНА ШЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША ТІРКЕЛГЕН КАНДИДАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

р/с №	Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Жұмыс орны, атқаратын лауазымы	Тұрғылықты жері
1	Арыстанбеков Бағлан Мейрамович	1983 ж.	«Төменгі Қайрақ-ты ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, әкім	Шет ауданы, Төменгі Қайрақты ауылы, Жарылғап батыр, 6
2	Касимова Шынар Куанышбековна	1966	«Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жанқұтты би, 3
3	Смаилов Дархан Бекдарович	1979	«Шет ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автокөлік жолдары бөлімі», бас маман	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Күлейменұлы, 35
4	Омарбай Қуандық Әбілмашұлы	1975	Ақшатау кенті, мәдениет үйінің меңгерушісі	Шет ауданы, Ақшатау кенті, Әуезов, 5/1
5	Жакупов Думан Аманқұлович	1984	Шет ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы, бас маманы	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, С. Сейфуллин, 180
6	Шонанова Айдын Куанышовна	1969	«Ақшатау кенті округі әкімінің аппараты» ММ, бас маман	Шет ауданы, Ақшатау кенті, Центральная, 3
7	Турабеков Саяхат Жаманқұлович	1976	Уақытша жұмыс істемейді	Шет ауданы, Мойынты кенті, С. Сейфуллин, 12
8	Байгаскинов Қуантай Мухаметқаримович	1969	Мойынты темір-жол станциясының аймақтық байланыс торабы, басшы	Шет ауданы, Мойынты кенті, С. Сейфуллин, 34
9	Токбалин Айдын Сатенұлы	1980	Шет ауданы әкімінің бас инспектор-заңгері	Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Деріпсалы, 22



ЖАРАСТЫҒЫ ҰЛАСҚАН ОТБАСЫ

Қазақта «Отан отбасынан басталады» деген дана сөз бар. Шынында да, адам баласы үшін Отаннан кейінгі қасиетті ұғым-отбасы болса керек. Отбасы-Отанның әрбір мүшесін дүниеге әкеліп, қанатын қатайтып, қатарға қосатын маңызды мекеме. Данышпанның да, ғалымның да ең алғашқы тәлімі мен тәрбиесі осы мекемеде қаланған. Мемлекеттің мықты болмағы оның басшысына байланысты болғаны сияқты, отбасының берекесі – ер азамат пен әйелге байланысты екені даусыз. Ақсу-Аюлы ауылында Төлеубай ағаны білмейтін жан кемде-кем шығар, сірә! Өзінен өрбіген ұрпақтарына тәлімді тәрбие беріп, бүгінде жасы жетпістің жетеуіне шыққан аяулы жан өнегелі ісімен ауылдастарына сыйлы, тәлімді ұрпағын жұрт үлгі тұтатын абырой иесі. Бұл кісінің отбасы жұмыскер отбасы болды десек артық айтпағанымыз. Әкесі Смағұлұлы Бөлкенбай ақсақал нағыз еңбек адамы еді. Кезінде аудандық «Ильич туы» туы газетін шығаруға атсалысқан бірден бір азамат. Баспахана меңгерушісі ретінде соғыс жылдарында қандай ауыртпашылық болса да газеттің жарық көруіне жауапкершілікпен еңбек ете білді. Сол босағадан дарыған отбасылық тәрбие Төкең ақсақалдың бойында қалыптасқан. Анасы марқұм да ұлдары мен қыздарына біркәсідей ақ қамқор бола білді. Тәрбие – отбасының үзілмейтін желісі деуге толық негіз бар. Төлеубай аға бүгінде шаңырақтың көз қуанышына айналған немерелерінің бағындырар асуы биік болса екен деген аталық тілекпен күн кешіп жатыр.

Үй-ішінің қызыққа, қуанышқа толы болуы-отбасындағы бауырмалдық, береке-бірлікке байланысты. Бөлкенбаевтар әулеті шаңырақтың осындай қадір-қасиетін өрелі һәм тәлімді ұрпағының арқасында жалғастырып отырған мерейлі отбасының бірі. Иә, осы бір жарастығы ұласқан отбасы иелерімен кездесу әрине біз үшін қуантарлық жағдай болды десем артық айтпаймын. Қашан да жүзінен мейірім шуағы төгіліп тұратын Майраш анамыздың көрген жерде жылы шырай танытып, есендесіп жататынын өзі неге тұрады дейсің. Міне, сол әулеттің отағасы мен отанасымен кездесудің де сәті түскендей. Төлеубай ағаға салған жерден Майраш анамызбен қалай таныстыңыз деген сауалымызға бір жымылып алды. – Мен сол кезде өкеме көмекші ретінде қой бағысатынмын, әрі сол қойларды Қарағанды қаласына өткізіп жүретінбіз. Бірде жол түсіп Шопа ауылына аялдауға тура келді. Қонған үйіміз бір ақжарқын, қонақжай адамдар екен. Құшақ жая қарсы алып, дәмін алдымызға тосты. Сол күні осы апаларыңды көріп сырттай ғашық болып қалдым. Одан кейін екі-үш кездесіп, 1965 жылдың наурыз айында қосылып, кішігірім тойымыз өтті. Ағайын-туыс барын салып, жаңа түскен келіндеріне ықыластарын таны-

тып, қолдан келген көмектерін жасады. Сөйтіп Майрашпен отбасын құрдым. Міне, биыл үйленіп, отау құрғанымызға елу жыл толыпты. Өткен өмір-естелік деген осы шығар-деп сөз жымылып отырып қалды. Мүмкін сол кездегі анамызға деген махаббаты, ыстық сезімі еске түсті ме екен, бәлкім. Сөз үнсіздіктен кейін Төлеубай ағаны қайыра сөзге тартып, еңбек жолы жайында айтып беруін өтіндік.

–Мен өмір бойы бұрынғы Орджоникидзе атындағы кеңшарда электрлік болып еңбек еттім. Барлық қуат, күш-қайрат күйреген халық шаруашылығын қалпына келтіру, тұрала-

еңбек етеді. Қызы Мадина аудандық мәдени-сауық орталығында директордың орынбасары, Бекболаты мен Берігі Қарағанды қаласында полицияда жұмыс атқарса, шаңырақтағы кіші ұлдары Дәулет аудандық спорт мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. Күйеу балалары да қарапайым, бәрі де әр салада жемісті еңбек етуде. Енді бүгінде сол перзенттерінің рахатын көріп отыр. Осындай ата-ананың тәрбиесін көрген ұл-қыздары да шетінен еңбекқор, ақкөңіл жандар. Төрт келін түсірді. Жүздерінен жылылық есіп, көңілдерінен тектіліктің



ған экономиканы төрт аяғынан тұрғызуға жұмсалды. Осы еңбектің бел ортасында жүрдім десем қателеспеймін. Күні-түні еңбек етіп, кеш қарағ көз байланғанда үйге қалжырай келгенде жарым кіп кішкентай Гүлмираны алдыма әкелгенде, шаршағанымды ұмытып, жаным жадырап сала беретін,-деді.

Бес ағайындыдан тараған Төкең өте еңбекқор болды. Бауырларына да қамқорлық танытып, қолынан келген көмегін көрсетіп тұрды. Содан да болар бауырлары ағаларының айтқанынан шықпай, ауызбіршілік танытып жатады. Жары Майрашпен де ақылдасып, ағайынның басын қосып, той-томалақта бірге жүретін. Міне, сол әдет осы отбасында берік сақталды деуге болады. Мейірімділікті, ізгілікті, адамгершілікті бір басына жинаған қарапайым отбасы иесі Төлеубай Бөлкенбаев осы еңбек еткен шаруашылықта әріптестерінің сый құрметіне ие бола білді. Шаруашылық басшылығы тарапынан мақтауларға да ие болды. Сол өкелің тәлімді тәрбиесі бүгінде балаларына жұғысқан деуге болады. Ал, балаларының өке тәрбиесімен қанаттануына аналарының да қосқан үлесі зор. Әйел-ана жанұяның жылуы ғой. Алты балаға мейірімін төгіп, шуағына бөлеп, мөпеледі. Аллаға шүкір, қазіргі ұрпақ бақытты. Тәуелсіздігіміз елді талай биікке көтергенін көзіміз көріп отыр. Лайым, осы шат-шадыман өміріміз баянды болсын демекпіз. Ардақты жандар қазірде зейнет демалысында. 12 немере сүйіп отыр. Немерелерінің үлкені Диана мен Әнуар еңбекке араласып, ұстаздық қызмет етуде.

Ұрпағының үлкені, қызы Гүлмира Қарағанды қаласындағы №76 мектепте тәрбие ісінің меңгерушісі, одан кейінгі ұлдары Жұмағелді шаруашылықта

табы сезілетін қос қария аңыздардан сыр шертіп, қазақ ертегілерін ерінбей-жалықпай немерелеріне оқып беріп отырғаны. Иә, Төлеубай аға мен Майраш ала өнегелі отбасының ұйытқысы болып отырған асыл жандар. Адамның бақыты деген осы емес пе?

Ұрпақтарының әрбір қадамына қуанатын отағасы –береке мен бірліктің ұйытқысы. Асқар тауы, етегіндегі бұлағы, жағасындағы құрағы бір үстел басына жиналғанда айтылмайтын тақырып, шешілмейтін түйін қалмайды. Қос қария бір-біріне ілтипатты аямайды. Бірін бірі демеп, сүйеу болып, ынтымағы жарасып тірлік кешуде. Маңайындағы көрші-қолаңға, құда-жегжаттарына, бірге туған ағайынға қадірлі. Қазірде қос қария ұлдары Дәулет пен сүп сүйкімді келіні Әйгеріммен бірге тұрады. Келіні де бір ибалы жан. Ата-енесінің, туыс туғандарының ілтипатына бөленіп жүрген Әйгерімнің өзі бір үлкен әулеттің қызы. Келіндері Ж. Ақылбаев атындағы мектеп гимназиясында қазақ мен әдебиеті тілі пәнінің мұғалімі. Олардан туған төп төтті немерелері Елдары мен Келбеті ата әжесінің көз қуанышы.

Сырт көз-сыншы деген ғой. Құдайым тіл-көзден сақтап, Бөлкенбаевтар қара шаңырағының мұржасынан шыққан түтін тұзулігінен танбасын.

Біздің осы өнегелі отбасын әңгімемізге арқау етудегі мақсатымыз-жақсының жақсылығын айтып, нұрын тасыту. Ал, шаңырағында шаттықтың шұғыласы шалқыған Төлеубай аға мен Майраш апаның игі ісін ұрпақтың санасына сіңіргенің артықтығы жоқ.

Салтанат ЖОСАЛБАЙ,
Ақсу-Аюлы ауылы.

ОТБАСЫМ - КИЕЛІ ШАҢЫРАҒЫМ

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім – жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады», - деп атап өткен болатын. Отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерді қалыптастыру және отбасы тәрбиесінің мән-маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау мақсатын көздеген

ды құрметпен сахна төріне шақырды. Мерейлі мерекеде 50 жыл отасқан алтын той иелері отбасы өмір жолдарын қысқаша баяндап, бүгінгі шараны ұйымдастырып отырған аудандық ішкі саясат бөліміне, мәдени сауық орталығына ризашылықтарын білдіріп, ақ баталарын берді. Бұдан соң отбасы мерекесіне арналған құттықтау сөз аудан әкімінің орынбасары А.Әбілдинге берілді. Мерейлі мерекеге жиналған жамағатқа құттықтау тілегін білдірген аудан әкімінің орынбасары көпке үлгі болып, тату-тәтті ғұмыр



бұл мерекенің біздің балаларға берері мол.

Отбасы күнін өткізудің басты мақсаты – отбасы мәселесінің маңыздылығына, отбасы құндылығына және дәстүрлеріне қоғамның назарын аудару. Отбасы мерекесі – бұл үлкендердің және балалардың арасындағы достық, махаббат, өзара түсіністік таныту және өзара көмек көрсету, бір туғандар жүрегінің бірігуі мерекесі. Соның айғағындай жақында отбасы күніне арналып аудандық мәдени сауық орталығында «Отбасым-киелі шаңырағым» атты отбасылық іс шара болып өтті. Сахна төріне көтерілген кеш жүргізушілері мерекеге жиналған барша қауымды және кеш иелеріне деген ізгі тілектерін арнап, мерекеміз құттықтап өтті. Бұдан соң бір шаңырақ астында 50 жыл отасқан, бір-бірі бақытқа бөлеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өсіп өнген өнегелі әулет иелері, 6 бала өсіріп, 7 немере, 3 жиеннің қызығына бөленіп отырған Асқар, Тыныштық Айтжановтарды, 6 баланы өсіріп қанаттандырған, 12 немересінің қызық қуанышына бөленген Төлеубай, Майраш Бөлкенбаевтарды және 6-бала, 16-немере, 3-жиен, 1-шөберелердің қуанышына бөленіп отырған жарастықты жаңа Қуаныштай, Рәш Ақтаевтарды, Серік пен Запура Қасқатаевтар-

кешіп жүрген ерлі-зайыптыларды алғыс хатпен марапаттап, естелік сыйлықтар тарту етті. Өсем ән мен төтті күй, мерекелік ақ тілек, құттықтаулар бұдан әрі жалғасын тапты. Мерекедің «Ана-өке» әнін шырқаған мәдени сауық орталығының әншісі Бекзат Аханов, «Әжетайым» әнін орындаған Ерғалы Омаров жиналған жұртшылыққа тамаша көңіл күй сыйлады. Арқа-жарқа тойлағып жатқан мерекедің жас отбасылар Ерсайын Құрманбаев пен Диана Омарбаеваның дүние есігін ашқан кішкентай нәрестелеріне халыққа қызмет көрсету №1 филиалының басшысы Нұрлан Сейілбеков құттықтау тілек айтып, кішкентай нәрестеге туу туралы куәлік пен ескерткіш сыйлық тарту етілсе, жас отбасыға неке куәлігі берілді. Осы шағын марапаттан соң мәдени-сауық орталығының әншілері Гүлмира Жұмабекова «Қос бәйтерек», Темірлан Боранбаев «Жас жұбайлар», Е.Тілеуберлин «Анашыма» әндерін көпшілікке тарту етті.

Мерейлі мерекеде тамаша көңіл-күй сыйлаған шара ұйымдастырушылар мен мәдени-сауық орталығының әншілеріне жиналған жұртшылық ризашылық білдіріп тарасты.

С.ТҮЯҚБАЙҚЫЗЫ.

ОТБАСЫ - БЕРЕКЕНІҢ НЕГІЗІ

Жақында отбасы күніне арналып аудандық орталық кітапхана қызметкерлерінің ұйымдастыруымен «Отбасы - әлеуметтік берекенің негізі» атты дөңгелек үстел отырысы өткізілді. Негізінен бұл шараның мақсаты - отбасы ұғымының қыр-сырына терең бойлай отырып, ата-аналар мен студенттер арасындағы

Н. Бейісбаева, М.Төлеуқенов, И.Түсіпова, М.Нұрмұқанов қызықты сұрақтарға білгірлікпен жауап берді. Студенттер арасында «Қанша сөз білеміз» ойынында әр топқа бір параққа сөз жазылып, таратылды. Осы ойынға колледж студенттері Қ. Ибраев, Ж. Мақажанов, А. Аманбекова, Н.Нұрғали белсене қатысты. Сол



сөздердің нығайту, қазіргі қоғамдық өзгерістерге сай ұрпақтың бойына ұлттық игіліктерді сіңіру арқылы адамгершілігі мол, саналы етіп тәрбиелеу болып табылады.

Мерекелік шарада кітапханашы А.Төлеуқенова «Отбасы – алтын діңгек» атты кітап көрмесіне шолу жасап, ондағы ата-ананың, баланың алатын орнын жеткізе білді.

«Отбасындағы бала тәрбиесі» атты баяндаманы кітапханашы Б.Алтынбек таныстырды. Баяндамада отбасы - тәрбиенің алғашқы баспадағы, өте жауапты жаңауы, адамның бақыты, толық мәнді тыныс-тіршілік ортасы екендігі, отбасының ең маңызды қызметтерінің бірі тәрбиелушілік міндеті болып табылатыны баяндалды.

Қатысып отырған қызметкерлерге «Қызықты сұрақтар» ойыны ойнатылып,

сөздердің еріптерін пайдаланып, бірнеше сөз құрастырылуы керек. Шарада А.Байжанбаев интерактивті тақтадан «Отбасы - тәрбие бастауы» атты слайд көрсетті. Слайдтағы тапсырмаларда студенттерге отбасы туралы мақал-мәтелдерді аяқтау жүктелді. Ж. Ибраева, А.Жаусынбаева, Г.Серік, С.Федорова тапқырлық таныта білді.

Іс-шара соңында колледж психологі К.Сайтова студенттерге әр отбасындағы татулықтың негізі сабыр мен кішіпейілділік екенін түсіндірді.

Бекзат АЛТЫНБЕК,
оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы.



● 20 қыркүйек – Қазақстан халқы Тілдері күні



Адам баласы дүниеге келіп, есі кіре бастағаннан-ақ, адамдық қасиеттерді қалыптастыратын әдептілікті, ізгілік пен ізеттілікке толы халықтың нұры, асыл сөздерін, тілдің жан тербетер әсер-күшін ана тілінде ұғып, үйре-

ҚАЗАҚ ТІЛІ - ҒАЖАП ТІЛ

неді. Яғни, ғасырлар бойы жинақталған саф күмістей тіл қазынасын, оның сөз байлығын адам жаны мен жадына мысқылдап енгізу анадан басталады. Ал ананың ақ сүтімен бойымызға қоса даритын тіл мұрасын, байлығын, көркемдік қуатын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші. Өз ана тілі арқылы адамдар бір-бірімен сөйлесіп, ойын жеткізеді, пікір алысып, тілдің қадір-қасиетін жете ұғына алады.

Ұлттық тіл-әр халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатын бүкіл болмыс тіршілігі мен сезім түйсігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін күретамыр. Біріншіден қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тарихын білуге жол

ашты. Екіншіден көпұлтты халықтардың достық қарым-қатынасын күшейтудің құралына айналды.

20 қыркүйек - Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні. Ел тәуелсіздігінің ең басты белгісі - оның ана тілі екені бәріне белгілі. Тіл - халықтың сан ғасырлық тарихы. Ана тілі жоқ ел мемлекет болып өмір сүруі мүмкін емес. Әлемдегі кез келген халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, әрбір мемлекет өзінің ана тілін әрқашан да қастерлеп, қорғап жүреді. Ал ана

тілін қорғау дегеніміз - өз ана тілінде таза сөйлеу.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің барлық сатыларының алдында тұрған маңызды мәселенің бірі білім сапасын арттыру, оның әдістемесін жетілдіру жас ұрпақтың тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру. Осыған сәйкес бүгінгі күн талабы - баланың ақыл-ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, тілін дамыту, заман талабына сай оны жүйрік етіп тәрбиелеу. Шындығында сапалы білім, саналы тәрбиемен шынайы ұштасқанда ғана ұлт тілегі орындалып, қоғам өзінің рухани дамуында асыл қасиеттерге қол

жеткізбек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Ана тіліне қамқорлық ең алдымен сол тілде сөйлейтін халыққа жүктеледі» демекші, менің парызым - балабақшадағы бүлдіршіндерге мемлекеттік тілді меңгерту. Осы орайда біздің «Нұршуақ» балалар бақшасында ана тілімізді дамыту тұрғысында арнайы жоспарға сай іс шаралар өткізіліп келеді. Бүлдіршіндер өз ана тілдерінде тақпақтар айтып, өндер шырқап, тілдің маңыздылығын жете ұғына білуде. Бұл тұрғыда бүлдіршіндер арасында «Қазақ тілі - ана тілім», «Тілім-байлығым» тақырыбында шаралар өткізіліп тұрады. Балалардың жастайынан өз ана тілін сүйіп, құрметтеуге тәрбиелеп отырамыз. Әр қазақ тілі сабағында ана тілінде таза сөйлеу, сөздерді дұрыс жазу білуге, айтуға мән береміз. Тіпті өзге ұлт өкілдерінің балалары да қазақ тіліне деген ынталарын байқап, әр сөздерін мұқият жеткізеді.

Ана тілі - байлығымыз деп тегін айтылмаған. Өз ана тіліне қамқорлықты отбасынан бастауы абзал. Тілдің мәртебесін, рухын биіктету әр қазақ ұлтының міндеті болмақ. Мұндай игілікті шаралар болашақ ұрпағымыздың саналы да тәрбиелі азамат болуларына септігін тигізе бермек.

Орал АЛЬКЕЕВА,
«Нұршуақ» балалар бақшасының қазақ тілі мұғалімі. Ақадыр кенті.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ЕЛ МЕРЕЙІ

Қазақстан Республикасының Конституциясына биыл 20 жыл толып отыр. Қазақстан Республикасының Конституциясы - Қазақстанның Ата заңы. Ата заңымыздың 7-ші бабында көрсетілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл - қазақ тілі. Бүгін мен өзімнің тілім туралы ойыммен оқырмандармен бөліскім келіп отыр. Мемлекеттік тіл - Тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез-келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Гимні, шекарасы болатыны секілді мемлекеттік тілі де болады. Ал орыс тілін - ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылады деп айтылған. Біз Ата Заңымыздың талаптарын мұлтсіз орындауға міндеттіміз. Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлт пен ұлтты жақындастыратын өзгеше қатынас құралы. Адам тіл арқы-

лы бір-бірімен қатынаса алады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050» стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Тілге деген көзқарас, шындықта келгенде елге деген көзқарас екені даусыз. Шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді Қазақ мемлекеті деп айтатын боламыз» - деген болатын. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы - тіл» - деген А.Байтұрсынновтың қасиетті қағида-сына сүйенер болсақ, Ата Заңымыз аясында бақ - берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі.

Ана тілін жақсы білу-әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл - адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер -

білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы мен азаматшасы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың тіл туралы талап міндеттерінде «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген.

Тіл - ұлттың аса игілікті, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры барша-мыздың қолымызда. Тіл-халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі - ұлттың мәселесі. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет - халыққа деген құрмет. Тіл мәртебесі - ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Өлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктегіміз керек.

М.БЕЙСЕМБЕКОВА,
мәдениет үйінің көркемдік жетекшісі. Босаға ауылы.

Қарағанды ОТД-сының абоненттері үшін «Сәтті кезең»!

«Сенің Қазақстанның» топтамасына қосылған Қарағанды облыстық телекоммуникация дирекциясының абоненттері үшін төмендетілген тарифтер қолданылады.

«Сенің Қазақстанның» топтамасы - бұл Қазақстанның барлық қалаларына үй телефонынан шектеусіз қалааралық қоныраулар. Енді Қарағанды облысының тұрғындары уақыт пен қаражат шектеусіз өзінің еліміздің барлық қалаларындағы туыстарымен, достарымен сөйлесе алады.

КАЗАКТЕЛЕКОМ

УДАЧНЫЙ МОМЕНТ

Пакет «Твой Казахстан» - это неограниченные междугородные звонки с домашнего телефона! Для абонентов ГТС.

1890
1490тг

www.telecom.kz 160

Телефон үшін ай сайынғы абоненттік төлемге тек қана 484 теңге (ҚТС үшін), 322 теңге (АТС үшін) «Сәтті кезең!» акциясының қатысушылары осы топтамамен қолдана алады.

Акция өткізілуінің мерзімі - 1 маусымнан 31 желтоқсанға дейін.

Қосымша ақпаратты 160 тегін нөмірі арқылы, Қарағанды ОТД сервис желісі пункттерінен алуға болады.

Қазақтелеком АҚ қоғаммен байланыс қызметі.

● **Бәрекедгі**

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖҮЛДЕЛІ ОРЫН АЛДЫ



Жуырда облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекеме қызметкерлері мен жоғары, арнайы, жалпы білім беру ұйымдарының мамандары арасында жоспарға сай Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында іс шара өткен болатын. Үш тілді - қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік меңгерген қабілетті жастарды анықтау және қолдау, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу, қазақстандық патриотизмді нығайту, өзге халықтардың мәдениеті мен тілін құрметтеу, жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу мақсатында «Тіл - тұнық ойдың көуі» олимпиадасына аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкері, жас маман Алтынбеков Бекзат Жапатайұлы қатысып қайтқан болатын.

Аталмыш шарада Бекзат Жапатайұлы берілген тапсырмалар бойынша эссе жазу, берілген тақырып бойынша үш тілде әңгімелеу, мәтінге ілеспе аударма жасау тапсырмаларын үздік орындап, жүлделі екінші орынға ие болды.

Жерлесіміз Бекзатты жеңісімен құттықтап, алда да талай биік белестерді бағындыра бер деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Шет ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі.



Жаңа қызмет

АТА-АНА БАҚЫЛАУЫ

Балаларыңызға арналған қауіпсіз интернет



Новая услуга

РОДИТЕЛЬСКИЙ КОНТРОЛЬ

Безопасный интернет для ваших детей

Желіде балалардың көруіне болмайтын сайттар мен ақпаратқа қатынауды шектейді. Қызметті idport.kz сайтындағы Жеке кабинет арқылы қосуға болады.

Ограничивает доступ к нежелательным для детей сайтам и информации в сети. Услугу можно подключить через Личный кабинет на сайте idport.kz

Қалай қосуға болады:

- 1 cabinet.idport.kz Жеке кабинетіне кіріңіз *
- 2 «Қызметтерді басқару» Megaline/ iD Net қосымша бетін таңдаңыз
- 3 «Ата-ана бақылауы» қызметіне тапсырыс беріңіз
- 4 Модемді/роутерді қайта жүктеңіз
- 5 «Ата-ана бақылауы» Жеке кабинетінде баланың жасына қарай профилі таңдаңыз
- 6 «Профильді қолдану» түймешігін басыңыз
- 7 Қызметті пайдаланыңыз! Баланың қараулы екеніне сенімді болыңыз!

Как подключить:

- 1 Зайдите в Личный кабинет cabinet.idport.kz *
- 2 Выберите вкладку «Управление услугами» Megaline/ iD Net
- 3 Закажите услугу «Родительский контроль»
- 4 Перезагрузите ваш модем/роутер
- 5 В Личном кабинете «Родительский контроль» выберите профиль в зависимости от возраста вашего ребенка
- 6 Нажмите на кнопку «Применить профиль»
- 7 Пользуйтесь услугой! Будьте уверены, ваш ребенок под присмотром!

200 ТГ. в месяц

КҚС есебімен, Бірінші шотқа қосылады. С учетом НДС. Включается в единый счет.

* Жеке кабинеттің паролін ұмытып қалдыңыз ба? 2160 нөміріне хабарлама жіберіңіз. sms құны - 7 теңге (ұлы байланыс операторлары алады).

* Забыли пароль в Личном кабинете? Отправьте sms со словом password на номер 2160. Стоимость sms составляет 7 тенге (взимается операторами сотовой связи).

idport.kz 160 КАЗАКТЕЛЕКОМ

Еске алу

Жұмыскер ауылының тумасы болған ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы **Құттыбайұлы Мұқаметқалидың** өмірден озғанына қыркүйектің 27-ші жұлдызында 40 күн толады.

Ардақты әкемізді сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, қабіріне Алланың нұры жаусын демекпіз.

Сен жүрген жер қысқарып сапар бітті,
Сонда да жанға медет батаң құтты.
Әкетай көруші едік тек өзіңнен,
Мейірім тұнып тұрған қаталдықты.

Бәйтерегім, асылым, ақтаңгерім,
Тіректе едің, біздерге мақтан да едің.
Артағы қалған ұрпағың ұмытпайды,
Жайлы болғай, әкетай, жатқан жерің.

Еске алушылар: туған-туыс, бауырлары, немерелері, қыздары-күйеубалалары - **Гүлмайра-Сәділхан, Света-Бақытжан, Ләззат-Темірлан.**

Марқұм әкеміздің 40 күндік асы 19-шы қыркүйек күні "Зарина" дәмханасында сағат 12.00-ден бастап беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әкеміздің көзін көрген барлық жамағатты шақырамыз.



№0001

Еске алу



Ақадыр кентінің тұрғыны болған **Шәкенов Борантай Ібікенұлының** өмірден озғанына 2015 жылдың 3-ші қазанында 1 жыл толады.

Күні кеше ғана аразымызда жүрген ақ көңіл, жаны жайсаң асыл жан, асқар таудай әкеміздің, бауырымыздың ортамызда орны ойсырап қалғаны жанымызға қатты батты. Ардақты жанды сағына еске алып, біз, артында қалған әулет бір Алладан иман тілеп, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, әуауына дұға бағыштаймыз.

Бір жыл өтті жүзінді көрмегелі,
Көрмегелі арулап жерлегелі.
Елің-жұртың күн сайын еске алады,
Осы емес пе адамның өлмегені...
Сағынып сізді тарықтық,
Жететін жан жоқ соны ұқтық...

Сағынышпен еске алушылар: шешесі - **Ұрқия**, жұбайы - **Несіпбала**, балалары - **Жантас-Ботагөз, Досбол-Әсел, Жандос, бауырлары, туған-туыстары**, немерелері - **Әнел, Бектас, Камила, Алтынай, Айсұлтан, Ділде, Жанарыс.**

Марқұмның жылдық асы 2015 жылдың 26-қыркүйегінде сағат 12.00-ден бастап Ақадыр кентіндегі "Серік" дәмханасында беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, әріптестерін, көзі тірісінде сыйлас-дәмдес болған жора-жолдастарын шақырамыз.

Марқұмды еске алуға арналған кір тасын көтеруден өтетін облыстық турнирдің "Октябрь" клубында 26 қыркүйек күні таңертең сағат 10.00-де басталатынын хабарлаймыз.

№0006

Еске алу



Ақшатау кенті округі, Қарғалы ауылының тұрғындары болған (руы Алшыб) **Сәттібайқызы Бәтима** апамыз бен **Сәттібайұлы Мұрсал** атамның өмірден озғанына 20 жыл, үлкен анамыз **Сәттібайкеліні Бейсенбайқызы Тілеуестің** (руы Қожағұл) бақилық болғанына 10 жыл толуына орай құран бағыштап еске аламыз.

Асылдарымыздың жандары жәннатта, төндері рахатта, жатқан жерлері жайлы, топырақтары торқа болсын дейміз.

Апа, Ата, үлкен Мама,
Қанша жылдар өтсе дағы.
Сағына біз сіздерді еске аламыз,
Жер бетінде ұрпақ жайған,
Өсіп өнген әр балаңыз.

Солардан тараған бала-шаға,
Қол жайып біз сіздерден бата аламыз.
Риза болып, желеп, жебеп,
Қорғап жатсын әуақтарың.
Осы асқа шақырады туған-туыс,
Ағайын мен туған-туыс, құда-құдағи, жекжаттарың,
Таныс тамыр, іні бауыр, бала-шаға, жан-жақтағың.

Еске алушылар: **балалары, немере-шөберелері, жиен-жиеншарлары, күйеубала-келіндері.**

№0002

Еске алу

Үңірек ауылының тумалары, Ақсу-Аюлы ауылының тұрғындары болған, ардақты әкеміз **Бейсекейұлы Амандық** пен аяулы анамыз **Бейсекей келіні Ләззат Айтжанқызын** еске алып, әуақтарына дұға бағыштаймыз.

Ата-ана-балаларының күндей нұрлы шуағы, берік қорғаны, мейірімді панасы. Бізді дүниеге әкелген анамыз бен әкемізге алғысымыз шексіз. Өкінішке орай аяулы да асыл анамыз бен асқар таудай әкеміз өмірден өтті. Уақыт зымырап, әкеміздің бақилық болғанына 5 жыл, ал, анамызға 26-шы қыркүйек күні 1 жыл толады. Бүгінде олардың мейірімді жүздері көз алдымызға сағым болып оралып, жылы сөздері көз алдымызға келіп тұрады. Бүгін, міне, біз үшін дүниедегі ең асыл жандарды еске алып отырмыз. Әкеміз бен анамыздың отбасылық ғұмыры бізге өмірлік азық, ал жасаған істері үлгі өнеге болды. Әкеміз бен анамыздың жандары жұмақта болсын!

Балаларын беделіне балаған,
Бақытты боп жүргендерін қалаған.
Бізді бағып, қуанышпен өсірген,
Ата-анамыз-біздер үшін дана адам!

Жаққаны ата-ананың шырақ болсын,
Бұйырсын рухтарыңызға жұмақ-төр шын.
Мінгені рухтарыңыздың пырақ болсын,
Жамандық ұрпақтарыңыздан жырақ болсын!

Еске алушылар: **балалары, немерелері, жиендері, Құдайбергеновтер әулеті.**

Марқұмдарға арналған ас 26-шы қыркүйек күні "Ақсу-Аюлы" дәмханасында сағат 13.00-де беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, марқұм ата-аналарымыздың көзін көргендерді шақырамыз.

№0003

Еске алу



Ақадыр кентінің тұрғыны болған, отбасымыздың қорғаны, сүйікті ұл, ардақты әке, аяулы аға, асыл жар **Санкейұлы Болатханның** өмірден озғанына 1 жыл толды.

Өмір жолында отбасында ғана емес, туған-туыстың, дос жаранның, әріптестерінің ризашылығына бөленіп, сыйлы болған. Ардақты әкемізді еске алып, иман байлығын тілеп, рухыңызға дұға бағыштаймыз.

Өзің едің ақылшымыз айбарымыз,
Өзіңнен өмірде көп алғанымыз.
Жақсы атыңа ешқашан кір жуытпай,
Өзіңдей адам болсақ арманымыз.

Еске алушылар: анасы - **Жібек**, жұбайы - **Айнагүл**, балалары - **Бауыржан-Айсәуле, Дініслам, Мөлдір, бауырлары, ағалары, туған-туыстары.**

Әкеміздің жылдық асы Ақадыр кентіндегі "Аэлита" дәмханасында 25-ші қыркүйек күні сағат 13.00-ден бастап беріледі.

№0007

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған ардақты әке, асыл жар, немересінің сүйікті атасы, қамқор бауыр **Нілдібай Қайрат Нұрмағанбетұлының** фәниден бақиға озғанына 26-шы қыркүйек күні 40 күн толады.

Әкеміздің жатқан жері жарық, топырағы мамық, жаны жәннатта болсын деп сағына еске алып, рухына дұға бағыштаймыз.

Жаның таза, ақ болған соң жүрегің,
Бауырларың бұрушы еді бүйрегің.
Қас пен көздің арасында жоқ болдың,
Сене алмай өң мен түстей күйге ендім.

Дәмін татып қаза дейтін қайғының,
Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан айырылдым.
Сенсіз өткен 1 сағатқа төзбеуші ем,
Әке, сені 1 күн болмай сағындым.

Сен кеткелі ең азалы жыр тасып,
Еңсемізді ауыр қайғы тұр басып.
Кімге арқасын сүйейді енді жан жарың,
Енді кімге әке дейді ұл-қызың?
Енді кімді ата дейді Нұртасың?

Шара бар ма бұл жалғанға не етесің,
Келіп кетер құтты қонақ екенсің.
Тек тілерім жатқан жерің нұрлы боп,
Топырағың торқа болсын, әкешім.

Еске алушылар: анасы - **Қарашаш**, жұбайы - **Зейнеп**, балалары - **Ардақ-Зәуре, Әйгерім**, немересі - **Нұртас** және **бауырлары.**

Әкеміздің 40 күндік асы 26-шы қыркүйек күні "Жанқұтты би" мешітінде сағат 13.00-де беріледі. Асқа туған туыс, құда-жекжат, көрші-қолаңдарды, дос-жарандарын шақырамыз.

№0004

Еске алу

Ақадыр кентінің тумасы, Қарағанды қаласының тұрғыны болған, ата-анасының сүйікті ұлы, аяулы бауыр **Рахымбеков Диас Тілеуұлының** бар болғаны 27 жасында өмірден озғанына 1-ші қарашада 40 күн толады. Диасымыз отбасының ардақтысы, дос-жаранға сыйлы еді. Ата-баба ұрпағының жалғасы едің. Қайтейік. Алланың өмірі солай болды. Дерттіне шипа бола алмадық.

Ажалдың құрығына ілініп, аспанымызды жерге түсіріп, кенеттен көз жұмған құлыным Диасымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болғай. Өмірге құштар болған ақжарқын Диасымыз көзден кетсе де, көңілімізден ешуақытта кетпек емес.

Құлыным, бауыр етім, алдаспаным,
Біреуі ең толқа түскен марқасқаның.
Жарқ етіп жай отындай сөңдіңдағы,
Бұлт торлап, шуақ шашпай, қалды аспаным.

Қош енді, қош бол менің бауыр етім,
Ботадай боздап қалды бар әулетің.
Торқа болсын, Диасым, жатқан жерің,
Жұмақ барып дамылдасын жүрегің.

Еске алушылар: әкесі - **Тілеу**, анасы - **Қайыркүл**, қарындасы - **Мөлдір, бауырлары, туған-туыстары, Рахымбековтер әулеті.**

Аяулы ұлымыздың 40 күндік асы 1-ші қараша күні Қарағанды қаласындағы жаңа мешітте сағат 13.00-де беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаңдарды шақырамыз және хабар жетпеген туған-туыстар мен дос-жарандар, жерлестерге хабарлаймыз.

№0005

Еске алу

Сәкен Сейфуллин кентінің тұрғыны болған сүйікті, ардақты да аяулы қызымыз Әділханнның анасы, **Шырынбекова Гүлнұр Манатқызының** бар болғаны 28 жасында өмірден озғанына бір жыл болды. Сағынышпен қызымыздың асыл бейнесін, бауырмалдылығын ақ көңіл, ақ жарқын мінезін еске алмаған күніміз болған емес... Жүрегімізге жазылмас жара, ұмытылмас мұңға батырып, қайтпас сапарға «сіздерге аманат» деп, артынан ұлын қалдырып кете барды. Қызымызды жер қойнауына берген күн, бір жылдығын атап өтетін күнде қасиетті айт күнімен тұспа-тұс келіп тұр. Ауырып жатқан кезінде, адам айт күні жерленсе не болады? - деп сұраушы еді. Қасиетті Құран көрім кітабында бұл күні жерленсе адам жұмаққа барады деген аяттары бар. Ләйім солай болғай!.. Қызымыздың жаны жәннатта жай тауып, Алла тағаланың рахымына, пайғамбарымыздың шапағатына бөленсін, иманы жолдас болып, нұры пейіште шалқысын! деп Алла тағаладан тілейміз, жалбарынамыз!

Көзінде жас, аппақ болып ажарың,
Соңғы рет қоштасқандай қарадың.
«Ештеңеден қорқып жатқан жоқпын» деп,
Болды сонда соңғы айтқан сөздерің.

Болды талай, көз ілмеген таңдарың,
Алаңдадың тағдырына балаңның.
Жетімдікті көрсетпеймін деп жүріп,
Кете бардың орындалмай арманың.

Тағдырдың тауқыметі аз болмады,
Сұм ажал отау құрған жарыңды алды.
Не істерсің жаратқанның жалғанына,
О, Алла, өмір берші артта қалған баласына!

Тәуба қылдым көзі қалды қызымның,
Сағынғанда өзіңді, іскеп-іскеп аламын.
Басымызға салды Алла сынақты,
Көнемізде, көнбеске жоқ амалың.
Кім төзбеген өміріне Алланың!

Еске алушылар: әкесі - **Манат**, анасы - **Ұмсыннай**, ұлы - **Әділхан**, бауырлары - **Айбат, Алтынай, Шырынбековтер әулеті**.

Аяулы қызымыздың жылдық асы қыркүйек айының 25 жұлдызында Сәкен Сейфуллин кентіндегі «Сары-Арқа» дәмханасында сағат 14.00 беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, жора-жолдас, сыныптастарын, достарын шақырамыз.

№0008



ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 21-қыркүйектен 27-қыркүйекке дейін

ДҮЙСЕНБІ, 21-қыркүйек		
Қазақстан	0.20 Sport.kz. 0.45 Көкпар. 3.25 «Көк тарландары», т/х. 4.20 Ақсауыт.	21.30 Т/с «Ничего личного». 22.00 Т/с «След». 22.50 Көзқарас. 23.20 Жекпе-жек.
Хабар	7.02 Білгенге маржан. 8.00, 9.00 Жаңа күн. 10.00 Жеті күн. 11.00, 1.05 «Әр үйдің сыры басқа», т/х. 11.45 Магия кухни. 12.20 Подари детям жизнь. 12.25, 12.35 М/ф. 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 0.05, 1.40, 2.40 Жаңалықтар, новости. 13.15 «Семейные мелодрамы», д/ф. 14.05 Т/с «Женский доктор -2». 15.15 Бұйымтай. 16.00 «Өмір сабақтары», д/ф. 16.30 «Достық жәрмеңкесі», т/х. 17.15 «Болашағым өз қолымда», т/х. 18.15 «Жігіттер хикаясы», т/х. 19.00 ТВ-Бинго. 20.30 Арнайы хабар.	Евразия 6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий -2». 12.00, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 12.55 Әйел сыры. 14.00, 22.20 «Джодха және Ақбар». 15.00, 23.25, 2.15 П@утіна. 15.20, 23.50 X-Factor. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженимся. 17.40 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Принц Сибири». 0.00 Т/с «Кукловод». 2.35 Модный приговор. 3.20 Контрольная закупка.

СЕЙСЕНБІ, 22-қыркүйек		
Қазақстан	7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 23.35, 3.00 Жаңалықтар, новости. 10.00, 21.00 «Жарық», т/х. 10.50 «Сырғалым», т/х. 11.45, 20.15 Айтуға оңай... 12.30, 1.50 «Ұлы дала дүбірі», д/ф. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.05, 22.00 «Келін», т/х. 15.00 Әйел бақыты. 16.10 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05, 0.45 Келбет. 17.50 М/ф. 18.05 «Қызыл сарайдағы түс», т/х. 19.05, 0.20 Қылмыс пен жаза. 23.00, 2.25 Түнгі студия. 1.20 Дауа.	18.10, 3.45 «Көк тарландары», т/х. 4.30 «Тарих толқынында».
Хабар	7.02 Білгенге маржан. 8.00, 9.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.50, 1.25 Жаңалықтар, новости. 10.10, 22.00 Т/с «След». 11.10, 0.50 Т/х «Әр үйдің сыры басқа». 11.45 Магия кухни. 12.15 Подари детям жизнь. 12.20, 21.30 Т/с «Ничего личного». 12.50 Экономкласс. 13.10 «Семейные мелодрамы», д/с. 14.00 Т/с «Женский доктор -2». 15.15 Бұйымтай. 16.00 «Өмір сабақтары», д/ф. 16.30 «Достық жәрмеңкесі», т/х. 17.15 «Болашағым өз қолымда», т/х. 18.15 «Жігіттер хикаясы», т/х.	19.05 Біздің үйі. 20.30 Бюро расследований. 22.50 Көзқарас. 23.20 Арнайы хабар.
Евразия	6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий -2». 12.00, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 13.00 Ашығын айтқанда. 14.00, 22.20 «Джодха және Ақбар». 15.00, 23.25, 2.15 П@утіна. 15.20, 23.50 X-Factor. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженимся. 17.40 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Принц Сибири». 0.00 Т/с «Операция «Кукловод». 2.35 Модный приговор (каз). 3.30 Контрольная закупка.	

СӘРСЕНБІ, 23-қыркүйек		
Қазақстан	7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 23.35, 3.00 Жаңалықтар, новости. 10.00, 21.00 «Жарық», т/х. 10.50 «Сырғалым», т/х. 11.45, 20.15 Айтуға оңай... 12.30, 1.50 «Ұлы дала дүбірі». 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.05, 22.00 «Келін». 15.00 Әйел бақыты. 16.10 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05, 0.45 Келбет. 17.50 М/ф. 18.05 «Қызыл сарайдағы түс», т/х. 19.05, 0.20 Журналисттік зерттеу. 23.00, 2.25 Түнгі студия. 0.45 Поэзия әлемі. 1.20 Ақсауыт.	3.45 «Көк тарландары», т/х. 4.30 Қылмыс пен жаза.
Хабар	7.02 Білгенге маржан. 8.00, 9.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.50, 1.25 Жаңалықтар, новости. 10.10, 22.00 Т/с «След». 11.10, 0.50 Т/х «Әр үйдің сыры басқа». 11.45 Магия кухни. 12.15 Подари детям жизнь. 12.20, 21.30 Т/с «Ничего личного». 13.10 «Семейные мелодрамы», д/с. 14.00 Т/с «Женский доктор -2». 15.15, 19.05 Біздің үйі. 16.00 «Өмір сабақтары», д/ф. 16.30 «Достық жәрмеңкесі», т/х. 17.15 «Болашағым өз қолымда», т/х.	18.15 «Жігіттер хикаясы», т/х. 20.30 «100 бизнес тарихы». 22.50 Көзқарас. 23.20 Бюро расследований.
Евразия	6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий -2». 12.00, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 13.00 Ашығын айтқанда. 14.00, 22.20 «Джодха және Ақбар». 15.00, 23.25, 2.15 П@утіна. 15.20, 23.50 X-Factor. 15.30 Судебные истории. 16.30 Давай поженимся. 17.40 Пусть говорят. 18.55 Т/с «Принц Сибири». 0.00 Т/с «Операция «Кукловод». 2.35 Модный приговор (каз). 3.30 Контрольная закупка.	

БЕЙСЕНБІ, 24-қыркүйек		
Қазақстан	7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 23.35, 3.00 Жаңалықтар, новости. 10.00, 21.00 «Жарық», т/х. 10.50 «Сырғалым», т/х. 11.45, 20.15 Айтуға оңай... 12.30, 1.50 «Ұлы дала дүбірі». 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.05, 22.00 «Келін», т/х. 15.00 Әйел бақыты. 16.10 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05, 1.30 Иман айнасы. 17.50 М/ф. 18.05 «Қызыл сарайдағы түс», т/х. 19.05, 1.05 Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс. 23.00, 2.25 Түнгі студия.	0.20 «Тарих толқынында». 0.45 Жан жылуы. 3.45 «Көк тарландары», т/х. 4.30 Агробизнес.
Хабар	7.02 Білгенге маржан. 8.00, 9.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 23.50, 1.25 Жаңалықтар, новости. 10.10, 22.00 Т/с «След». 11.10, 0.50 «Әр үйдің сыры басқа», т/х. 11.45 Магия кухни. 12.15 Подари детям жизнь. 12.20, 21.30 Т/с «Ничего личного». 13.10 «Семейные мелодрамы», д/с. 14.00 Т/с «Женский доктор -2». 15.15 Біздің үйі. 16.00 «Өмір сабақтары», д/ф. 16.30 «Достық жәрмеңкесі», т/х. 17.15 «Болашағым өз қолымда», т/х.	18.15 «Жігіттер хикаясы», т/х. 19.05 Жекпе-жек. 20.30 Сильные духом. 22.50 Көзқарас. 23.20 «100 бизнес тарихы».
Евразия	6.00 «Ирония судьбы или С легким паром», к/ф. 8.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 9.00 Ералаш. 9.10 X/ф «Каникулы строгого режима». 11.40 КВН. 14.05 Ашығын айтқанда. 15.10, 23.50 X-Factor. 15.20 Т/с «Танкисты своих не бросают». 20.40 «Сүйген жар», т/х. 22.20 «Джодха және Ақбар». 23.25, 2.25 П@утіна. 0.00 «Операция «Кукловод», т/х. 2.35 Модный приговор. 3.30 Контрольная закупка.	

ЖҰМА, 25-қыркүйек		
Қазақстан	7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 12.30, 17.30, 19.30, 23.35, 3.05 Жаңалықтар, новости. 10.00 «Жарық», т/х. 10.50 «Сырғалым», т/х. 11.45 Айтуға оңай... 12.30, 2.00 «Ұлы дала дүбірі», т/х. 13.00 Бірге таңдаймыз. 14.05, 22.00 «Келін», т/х. 15.00 Әйел бақыты. 16.10 «Жүрегім сізге аманат», т/х. 17.05 Жан жылуы. 17.50 М/ф. 18.05, 2.35 Иман айнасы. 18.30 Журналисттік зерттеу. 18.55 Менің Қазақстаным. 20.15 «Серпіліс». 21.05 Шын жүректен.	23.00 4.25 Жайдарман. 0.20 «Қош бол, Гүлсары», к/ф. 3.45 Ғасырлар үні.
Хабар	7.02 Білгенге маржан. 8.00, 9.00 Жаңа күн. 10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 17.00, 18.00, 20.00, 21.00, 1.05, 2.35 Жаңалықтар, новости. 10.10 Т/с «След». 11.10, 2.05 Т/х «Әр үйдің сыры басқа». 11.45 Магия кухни. 12.15 Подари детям жизнь. 12.20 Т/с «Ничего личного». 13.10 «Семейные мелодрамы», д/с. 14.00 Т/с «Женский доктор -2». 15.15, 2.00 Бұйымтай. 18.40 Бенефис-шоу. 19.50 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 X/ф «Дети Хуанг Ши». 0.10 «Жаным», т/х. 1.40 «Отыз үл болғанша...», сп.	19.05 Орталық хабар. 20.30 Тур де Хабер. 21.30 Жанды дауыс. 23.50 «Жаным», т/х.
Евразия	6.00 Жить здорово! 6.50, 20.00, 21.40 Жаңалықтар, новости. 7.00 Доброе утро. 11.00 Т/с «Пятницкий -2». 12.00, 20.40 «Сүйген жар», т/х. 13.00, 3.25 Ашығын айтқанда. 14.00 Жұма уағызы. 14.15, 22.20 «Джодха және Ақбар». 15.10, 23.25, 3.05 П@утіна. 15.30 X/ф «Крепкий брак». 17.35 Жди меня. 18.50 Поле чудес. 23.50 Точь-в-точь. 4.10 Модный приговор.	

СЕНБІ, 26-қыркүйек		
Қазақстан	7.00, 16.20 Концерт. 8.00 Қымызхана. 8.35 Агробизнес. 9.00 «Сенбілік таң». 10.05, 3.25 Дауа. 0.40 М/ф. 11.30, 4.00 Білгірлер бөйгесі. 12.20 Поэзия әлемі. 12.50 Қазақстан дауысы. 14.25 «Атырау мұнайы, 70 жыл», д/ф. 15.05 Әзіл әлемі. 16.05, 1.10 «Жас жауынгер», к/ф. 17.50 «Қара шаңырақ», т/х. 19.30, 0.35, 2.50 Жаңалықтар, новости. 20.05 М. Беспаевтың концерті. 21.00 Сенбілік кездесу. 22.35 Жайдарман.	22.35 «Алаяқ Дик пен Джейн», к/ф. 0.10, 3.35 Көкпар. 0.55 «Хелен Келлер», к/ф.
Хабар	7.02 Қалжың қоржыны. 8.30, 10.35 М/ф. 9.00 Бармысың, бауырым. 9.40 Продвопрос. 10.05 Ұлт саулығы. 11.55 X/ф «Любовь и пицца». 13.35 Орталық хабар. 14.30 Жанды дауыс. 16.50 «Мен – чемпион». 17.25 X/ф «Дьявол с тремя золотыми волосками». 18.40 Бенефис-шоу. 19.50 Ду-думан. 21.00 Жеті күн. 22.00 X/ф «Дети Хуанг Ши». 0.10 «Жаным», т/х. 1.40 «Отыз үл болғанша...», сп.	6.00, 4.35 Контрольная закупка. 6.20 «Частный детектив, или Операция «Кооперация» к/ф. 7.50, 4.05 Таңғы пошта. 8.25 П@утіна. 8.50, 23.30 Новости, жаңалықтар. 9.00 Смак. 9.40 X/ф «Любовь и Роман». 11.45 Фабрика грез. 12.05 Ән дәрия. 13.10, 3.20 Караоке-такси. 13.45, 3.45 «101 кеңес». 14.20 П@утіна+. 15.30 X/ф «Бабы лето». 20.00 Первая программа. 20.30 X-Factor. 22.00 Кешкі кездесу. 0.00 X/ф «Меня зовут Хан».

ЖЕКСЕНБІ, 27-қыркүйек		
Қазақстан	7.00 Концерт. 8.30 Қымызхана. 9.00 Ақсауыт. 9.30 Бүгін жексенбі. 11.05 Баламен бетпе-бет. 11.25, 12.15 М/ф. 12.35 Айгөлек. 13.40 Ақындыр айтысы. 18.15 «Қара шаңырақ», т/х. 20.00, 2.30 Алта.кз. 21.00 Қазақстан дауысы.	22.35 «Алаяқ Дик пен Джейн», к/ф. 0.10, 3.35 Көкпар. 0.55 «Хелен Келлер», к/ф.
Хабар	7.02 Қалжың қоржыны. 8.30 Айбын. 9.00 Жеті күн. 10.00 Ас арқау. 10.30 «Я – чемпион». 11.00 М/ф. 12.30 X/ф «Бременские музыканты». 13.40 Ду-думан. 14.55 «Қазақстан, алға!». 17.05 «Өмір сабақтары», д/ф. 17.40, 19.05 X/ф «Осторожно, королева!». 19.50 Бенефис-шоу. 21.00 Жеті күн. 22.00 X/ф «Исходный код».	23.40 «Жаным», т/х. 1.40 «Ұйқыдағы ару», спектакль.
Евразия	6.00, 8.30 Жаңалықтар, новости. 6.25, 3.15 «Доживем до понедельника», к/ф. 8.05 П@утіна. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Здоровье. 10.10 Казлото. 10.50 Теория заговора. 12.00 Кешкі кездесу. 13.30 Караоке-такси. 14.10 Әйел сыры. 15.05 X-Factor. 16.30 X/ф «Отпечаток любви». 21.00 Аналитика. 22.00 П@утіна+. 23.05 Ән дәрия. 0.10 КВН.	

БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ



Баршамызға отбасы - әлеуметтік институт, қоғамдық құрылымның кіші тобы деген ұғымдар таныс. Отбасының ең маңызды міндеттерінің бірі - баланы өмірге келтіру ғана емес, ұрпағын рухани бай, адамгершілік қасиеті жоғары, қоғамға пайдалы азамат етіп тәрбиелеу. Жакында Б.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясы базасындағы тірек мектебінде (РО) Отбасы күні ерекше жағдайда аталып өтілді. 5-6 сынып оқушылары мен ата-аналарының қатысуымен өткен «Бақытты отбасы» атты тәрбиелік шарасы оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын пайдалана өткізген алғашқы шарасы емес, ол - үш тұлға: ұстаз, ата-ана, бала арасындағы ашық әңгіме арқылы жас жеткіншектерді ата-ана кәдірлі, өнегелі өмірін, кәсіптеріне үйретсе, ата-анаға бала тәрбиесіндегі басты тұлға өздері екенін, бақытты отбасы-бақытты келешек екенін түсіндіру тұрғысында өрбиді. Шарда «Шаттық шеңберін» құрған қатысушылар бір-біріне осы керемет мерекеге арналған ыстық лебіздерін жолдады. Қатысушылар «Береке», «Бірлік» топтарына бөлініп, отбасы сөзіне өз ассоциацияларын жазып, ойларын ортаға салды. «Бақытты отбасы» туралы бейнероликтер тамашалап, осы тарапта мемлекетімізде өтіп жатқан игі істер туралы өз білімдерін ортаға салған ата-аналар келесі кезекте «Бақытты отбасы» моделін құрып, формуласын постерге салып, қорғады. Ақ пен кара алмасқан дүниеде әр түрлі отбасылары болатыны белгілі «Ой толғау» кезеңінде жайсыз отбасылары



тілектері жазылған хаттарын ұсынды. Сонымен қатар шараға қатысушылар «Мен өзімді қандай қасиеттерім үшін жақсы көремін...» деген өз бойларындағы басқаға үлгі болатын қасиеттерімен бөлісті. Тәрбиелік шара соңы жеміс ағашына өз ойлары жазылған стиккерлерді ілумен аяқталды. Шараға М.Әліқиева, Г.Ахметова, А.Ысқақ, Ш.Карсембаева, В.Түгелбаева, А.Нұрпейісова сынды аналарымыз қатысып, өз ойларымен бөлісті. Мерекелік шараға атсалысқан сынып жетекшілері Д.Омашева, Г.Мұстафина, Б.Аханова, мектеп психологі А. Қызыловалар ұйымдастырушылық танытты.

Г.СЫЗДЫҚОВА,
Б.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназиясының мұғалімі.

ЕСКЕ АЛУ

Есте қалар ағамыз!

Осыдан 1 жыл бұрын Ақадыр кентінің тұрғыны болған, Айса ауылының тумасы **ШӘКЕНОВ Борантай Ібікенұлы** дүниеден өтті. Еліне елеулі, халқына қалаулы, бұл дүниеде адамгершілікті бірінші орынға қойған сабырлы да салмақты азамат еді. Ағамыз тек қана бір теміржол саласында, оның ішінде Ақадыр белгі беру және байланыс дистанциясында 50 жылдай еңбек етті. Еңбекте қаншама құрметке ие болған жан, оның белгісі «Адал еңбегі үшін» медалінің иегері болуы. Борекең еңбекпен қатар спортпен де шұғылданушы еді. Өмірінде аудан, облыс, республика арасындағы кір тасын көтеруден өткізілген жарыстарға қатысып жүрделі орындарға ие болса, ал, 2003 жылы Ресейдің Липецк қаласында өткен әлем чемпионатына қатысып, күміс жүлдегер атанып, еліміздің туыны Ресейде желбіреткен еді. Құрметті де, қадірлі Борекең ағамыздың істеген ісі, әр қимылы бізге жастарға әрқашан да үлгі еді. Өмірден өткеніне 1 жыл өтсе де әрдайым біздің есімізде Борекең ағамыз сол қалпында сақталып қалады. Борекеңнің жатқан жері жарық болып, иман байлығын берсін.



Кеше ғана Борекең, Ортамызда жүр еді. Салмақты да сабырлы, Азаматтың бірі еді.

Зәбірі жоқ ешкімге, Жұмсақ еді жүрегі. Көтеретін зіл тасын Күшке толы білегі.

Еске алушылар: **К.Игитаев, Н.Игитаев, М.Шайдуллин, А.Оспанов, Ақадырдың бір топ спортшылары.**
Ресейдің Липецк қаласында өткен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Шәкенов Борантай Ібікенұлы еске алуға арналған кір тасын көтеруден өтетін облыстық турнир Ақадыр кентінде 26-шы қыркүйек күні «Октябрь» клубында сағат 10.00-де басталады.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай көшесіндегі 60 "а" үй сатылады. Үй 3 бөлмелі. Ауласы кең 0,0328 га. Орталық көшеде орналасқан. Бағасы 1,5 млн. теңге. Келісуге болады. Үй тел: 22-1-15; Ұялы тел: 8-702-417-64-30.

Жанқұтты би 40/2 көшесінде 4 бөлмелі үй сатылады. Қора-жайы, жаздық үй (кухня) бар. Ауласы кең. Бағасы келісім бойынша.

Шөп престейтін құрал (Пресс подборщик, Киргизия) сатылады. Бағасы келісім бойынша. Үй телефоны: 21-2-31; Ұялы тел: 8-701-960-67-58.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП САНАЛСЫН

Сүлеймен Жаркенбекке 2004-2005 оқу жылында Батық орта мектебінде 9 жылдықты бітіргені жөнінде берілген № НМК 1914962 куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

Орманбаев Фархат Данашұлының атына 2004 жылы Ақой орта мектебін 9 жылдықты бітіргені жөнінде берілген куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

Мейірханов Ерасыл Жанайдарұлының атына 2011 жылы М.Горький атындағы мектеп-гимназиясында жүргізуші мамандығы жөнінде берілген куәлігі жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

ТІС ДӘРІГЕРІ

Тұрғындарға барлық емдеу түрлеріне қызмет көрсетеді. Ақсу-Аюлы ауылы, Абай көшесі, 1 үй. «Сұлтан» дүкені. Тел: 21298, Ұялы тел: 8 7014512117

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУҒА ДАЙЫНСЫЗ БА?

Құрметті аудан тұрғындары, Құрбан айт мерекелеріңіз құтты болсын. Құрбан шалған ниеттеріңіз қабыл болғай!

Жаратқан елімізге бейбітшілік, әрбір шаңыраққа, әрбір азаматқа аман-саулық бұйырға көрсінші деп тілеймін!

Рамазан айынан соң 70 күннен кейін келетін құрбан айт мерекесі де жақындап қалды. Құрбан айт мерекесі қажылық сапардың соңғы күндерінде өтеді. Аллаһ тағала былай дейді: «Әрі барша адамдарды қажылыққа шақыр, олар жаяу да немесе ұзақ жерден арып-ашып, түйемен саған келсін. Келгесін олар мұның өздеріне тигізген пайдаларын көрсін. Алладан өздеріне ризық ретінде берілген құрбандық малдарды белгілі күндерде Алланың атын айтып, құрбандық шалсын. Оның етінен өздерің де жеңдер, жоқ-жітікке де жегізіндер!» («Хаж» сүресі, 27-28). Әрбір іс ниетке байланысты. Сол себепті барша мұсылман бауырларды алда келе жатқан Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) сүннет болған Құрбан айт мерекесінде құрбандық шалуға шақырамын. Тіпті болмаса, құрбан шалуға ниет етуге шақырамын. Құрбандық шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Ниет істеген амалдан да қайырлы болуы мүмкін. Мүміндердің әмірі Әбу Хафс Умар ибн әл-Хаттаб (оған Алла разы болсын) былай деді: «Мен Алла елшісінің (с.ғ.с.) былай айтқанын естідім: «Расында, амалдар ниетке байланысты және әрбір адам өзінің ниеттегенін ғана алады» (Бухари, Мұсылим). Құрбан айтта барша жұрт мал сойып, қан шығарады. Алланың разылығын тілеп, дұға етеді. Сосын ол малмен не істейді? Көпшіліктің көкейіне оралатын бірнеше сауалға жауап іздемес бұрын, бұл мерекенің тарихына үңілесек.

Құрбандық шалу Ибраһимнен (а.с.) қалған сүннет ретінде айтылады. Бірақ, құрбандық шалу Ибраһим (а.с.) ұлын құрбандыққа шалатын оқиғадан бұрын болған. Бұл туралы Құран Кәрімде айтылып кетеді. «Маида» сүресінің 27-аятында: «(Мұхаммед ғ.с.) оларға Адам (ғ.с.)-ның екі ұлының әңгімесін шынайы түрде оқы: «Сол уақытта екеуі Аллаға жақындық үшін құрбан шалған еді...» деп Адам (а.с.)-ның ұлдары Абыл мен Кабылдың басынан өткен оқиғасы баяндалған. Яғни, адамзаттың пайда болуынан бастап Жаратушы Иеміз өзіне құлшылық етуді көрсеткен. Құрбан шалу ұрпаққа жылдан-жылға пайғамбарлар арқылы жетіп отырған. Мұхаммед (с.ғ.с.) жетіп, сүннет болып қалған, кеңінен таралған оқиға Ибраһим (а.с.)-ның басынан өткен жағдай. Қазірде құрбан шалудың түпкі тамырын осы оқиғамен байланыстырады. Жәбірәйіл періште Ибраһим (а.с.) түсіне еніп, Алла Тағала ұлын құрбандыққа шалуды бұйыранын жеткізеді. Ибраһим (а.с.) Исмаилды ертіп алып, Мина жеріне (қазірге Мекке) барады. Аллаға шын сенген ұлы әкесіне қарсылық танытпайды. Ибраһим (а.с.) ұлын жатқызып, мойнына пышақты жүргізгенде, Алланың кереметімен өткір жүзді пышақ өтпей қалады. Сол сәтте шын ықыласпен Аллаға бойұсынып, сынақтан сүрінбей өткен пайғамбарға Алладан аян келеді: «Әй, Ибраһим! Сен көрген түсіне адалдық таныттың. Міндетінді орындадың. Исмаилдың орнына құрбандық ретінде шаларсың деп қошқар түсірдім. Біз жақсы құлдарды осылайша марапаттаймыз!».- Шын мәнінде бұл сынақ болатын. Осылайша құрбандық шалу жыл сайын қажылық сапар аяқталғанда жүргізілетін болған.

Кейіннен Мұхаммедке (с.ғ.с.) «Кәусар» сүресі түсіп, Құрбан шалу нақты міндеттелген. Бүгінде барша мұсылман халқы бұл мерекені аса ыждаһаттылықпен күтіп, Аллаға құлшылық етеді.

Құрбандық шалу төмендегідей төрт шартқа ие жандарға уәжіп болады: Мұсылман болуы, ақылды және балиғат жасына толуы, Құрбан айт уақытында жолаушы болмауы және негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болуы. Нисап мөлшері - 85

грамм алтын немесе соның құнына тең келетін ақша. Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен, жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат етілген. Құрбан айттан бір күн алдын әрбір үйде дайындық жүргізілгені абзал. Үйдің іші-сыртын құл-қоқыстан тазартып, балаларды жуындырып, ғұсыл алып, дастархан дайындау керек. Яғни жеті шөлпек және дәмді тағамдар пісірген дұрыс болмақ. Құрбан айт басталған күні таң шапағын бергенше ғұсыл алып, таза киім киіп, әтір сеуіп, мешітке барып, айт намазын оқып, құрбандық шалынады. Құрбандық шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамаға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Еліміздегі барлық мешіттерде көп мүмкіндік жасалып отыр. Қойлар сатылып, тіпті малды мешіт алдында құрбандық иесінің қатысуымен сойып, жүнінен тазартып, бөліп те береді. Осы тұрғыда Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «...Құрбан шалатын адам пышағын жақсылап қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын», - деген хадисін ескерген жөн. Мүмкін болса құрбандық шалатын жан өз құрбандығын өзі шалғаны жақсы. Дегенмен, өкілеттік беру арқылы басқа адамға да бауыздатуға болады. Құрбандық шалатын жанның мұсылман болғаны абзал. Сойған мал үшке бөлінеді: біріншісі жетім-жесірге таратылады, екінші бөлігі туыс-туғанға, үшінші бөлігі өз отбасына қалдырады. Мүмкіндік болса барлық етті жетім-жесірге, кембағалдар мен аз қамтылған отбасыларға беруге болады. Отбасы мүшелері көп болса, етті өз отбасына қалдыруына да болады. Осы ретте құрбандыққа шалынатын малдар және олардың ерекшеліктерін айта кетейік. Кез келген мал құрбандыққа жарамды. Құрбандық ретінде шалынатын малдың ерекшеліктері мынадай болуы керек:

Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар сойылады. Олардың еркектері де, ұрғашылары да құрбандыққа жарамды.

Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы керек. Дегенмен, алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қонды болса құрбандыққа жарамды. Ал, ешкінің міндетті түрде бір жасқа толған болуы керек. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады.

Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел бо-

луы керек. Оның бойында құрбандық ретінде шалуға кедергі келтіретін кемшіліктер болмауы қажет. Құрбандық мал ғибадат ретінде бауыздалуы шарт. Шын мәнісінде Алла пенделердің құлшылығына



да, құрбандық шалуына да зору емес. Құрбан шалудың бізге мәлім әрі беймәлім көптеген пайдалары мен хикметтері бар. Дегенмен негізгі мақсат - Алла тағаланың разылығына бөлену. Мал шалғанда пенделердің ниетінің негізге алынатындығы Құран Кәрімде былайша баяндалған: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін жалғыз нәрсе - жүректеріңізге ұялаған тақуалық, Аллаға деген құрмет». («Хаж» сүресі, 37-аят).

Қой немесе ешкі іспетті ұсақ малды құрбандық ретінде тек бір адам ғана шала алады. Ал, түйе немесе сиыр секілді ірі қара малдарды бір кісіден жеті адамға дейін бірігіп немесе бір адам жеке өз атынан да соя алады. Құрбан шалуға біріккен кісілердің барлығының ниеті құрбандық құлшылығын өтеу мақсатында болуы керек. Егер осы адамдардың ішінен біреуі құрбандыққа тек ет алу ниетімен қосылса, барлығының да құрбандығы құрбандық ретінде саналмайды.

Құрбан айт - діни мереке. Бұл күндері барша адам көтеріңкі көңіл-күймен жадыранқы жүру қажет. Ағайын-туыс, жекжаттарды құттықтап, мүмкіндік болса үйлеріне барып, дастарханнан дәм тату да артық етпейді. Ренжіскен адамдардың бір-бірімен татуласқаны абзал. Көрші-қоланды құттықтап, мұсылмандық парызымызды орындауымыз қажет. Көршімен тату болу жақсы амалдардың бірі. Өзге дін өкілдеріне құрбан айт мерекесін ұлықтап, кішкентайларға тәттілер таратып, кең көлемде өткізу керек-ақ. Бұл үрдісті әдетке айналдырып, балаларымыздың құлағына құя беру қажет. Кішкентай ботакандарға сыйлық беріп, көңілін аулап, Құрбан айт мерекесінің ұлықтығын дәріптеу болашақ ұрпағымыздың иманды болып өсуіне септігімізді тигізгеніміз емес пе?!

Құрбан айт осы жылдың қыркүйек айының 24-нен 26-на дейін жалғасады. Айт намазы таңертең сағат 8.30-да «Жанқұтты би» мешітінде оқылады. Құрбандық айт намазы оқылғаннан кейін шалынады.

Берік қажы
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
аудандық «Жанқұтты би»
мешітінің бас имамы.

Құттықтаймыз!



Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, ардақты әке, немерелерінің сүйікті атасы **Қайырбеков Төлеубекті** Пайғамбар жасы 63-ке және атасының сүйікті немересі, аяулы қызымыз **Жанельді** 5 жасқа толған туған күндерімен құттықтаймыз.

Ардақты әкемізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз. Өмірде ешқашан мойымай, қиындықтан гөрі қуанышты күндеріңіз көп болып, немерешөберелеріңіздің қызығын көре беріңіз. Алланың назарында, бақыттың базарында болыңыз.

Жанель өмір жасың ұзақ, денің сау болсын!

Қандай жақсы сіздей әке болғаны, Жаны жомарт, кішіпейіл саялы. Біз үшін зор қуаныш, ұлы той, Жан әкенің 63-ке толғаны.

Қуанышқа толы болсын нұр жүзің, Уайымсыз шаттық өмір сүре бер. Тіршіліктің қызығына кенеліп, Аман есен ортамызда жүре бер.



Ігі тілекпен, құттықтаушылар: балалары - **Әсия-Бақтыбай, Ерболат-Әсел, Жанболат-Рауана, Иса** және немерелері.

№0001

Құттықтаймыз!

Құрметті **Текебаев Қанат Құрманбайұлы!**

Сізді Пайғамбар жасы 63 ке толған туған күніңізбен құттықтаймыз. Құрметті демалысқа шығып отырған ағамызға шын көңілмен зор денсаулық, қажымас қайрат, еңбегіңіздің зейнетін көре беріңіз деген тілек айтамыз.

Сізге және отбасыңызға, балаларыңыз бен немерелеріңізге баянды бақыт тілейміз!

Құтты болсын салықалы жасыңыз, Қуаныштың кемерінен тасыңыз. Өрқашанда мықты болып денсаулық, Қажымастан жүзден әрі асыңыз.

Ізгі тілекпен, **Ақадыр доңғалақ цехының ұжымы.**

№0001

Құттықтаймыз!



Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жар, сыйлы досымыз **Іргебаев Қайрат Төлеутайұлы** 24-ші қыркүйек күні 50 жасқа толатын мерейтойымен құттықтаймыз.

Денсаулығың мықты, шаңырағыңа шуақ, ғұмырыңа қуат тілейміз. Гүлсара екеуіңе жақсылық пен отбасы жарастығын тілей отырып, бала-шағаның қызығын қызықтап жүре беріңдер дейміз.

Тұрған бойы қарапайым, кеңпейіл, Достыққа адал, аңқылдаған ақкөңіл.

Бүгін міне, 50 жасқа келіпті, Ақыл толып, алға тартып, гүл өмір.

Құтты болсын 50 жас асу асқар, Ақ көңіл, адалдығың сөзге астар. Денсаулық мықты болып, ұзақ жаса, Орындалсын ой-арман, құрған жоспар.

Ақ тілекпен, құттықтаушылар: достары - **Аманбол-Сәуле, Боранбай-Гүлжан, Мейрам-Бақытжан, Бекболат-Жанка, Нұра-Гүля, Нұрлан-Бағила.**

№0001